

#ӘділеттіҚазақстан

Әділетті Қазақстан біздің көпұлтты және көпконфессиялы ынтымағымызға негізделген. Біз «Бірлігіміз – аралуандықта» қағидасын қатаң ұстана береміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТИЛШІ ТАЛДАУЫ



ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР

4

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150



МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

12-13

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 2022 жылдың 22 қыркүйегінде, сағат 9.00-де Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездеседі (Мекенжай: Шолохов көшесі, 28. №83 гимназия).

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

22.09.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты, аздаған жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

23.09.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №109 (6244) 22 қыркүйек, бейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ!

Қазақстанның болашағы әрқайсымыздың қолымызда



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына
ҮНДЕУІ

2

ӘКІМ

КРЕАТИВТІ КЕҢІСТІКТЕР ҚҰРЫЛАДЫ

Қалада осы саланы дамыту мәселесі талқыланды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Бәрібаев көшесі, 36-үйдегі» әлеуметтік-мәдени кеңістікті аралады әрі осы кеңістіктің авторы Дәурен Төлеев, басқарушы серіктестер Рустам Қожағалиев және Нафисат Ермағамбетовамен қаланың креативті индустрияларын дамыту перспективаларын талқылады.

8

ҚЫСҚА...

- Қазақстан Президентінің кезектен тыс сайлауы 20 қарашада өтеді.
- Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысымен және Еуропалық Кеңес Президентімен кездесу өткізді.
- БҰҰ Бас хатшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасын қолдады.
- Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық жобасы әзірленіп жатыр.
- Қазақстан мен ДДҰ Аралды құтқару мақсатында күш біріктіреді.
- Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойлық іс-шаралары 1 қазанда өтеді.
- Өңірлерге жұмысқа барған мұғалімдерге қосымша ақы төленеді.
- 2023 жылдан бастап өрт сөндірушілердің жалақысын 40%-ға арттыру жоспарланып отыр.
- Прагада Қазақстан мәдениеті күндері өтіп жатыр.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 (707) 932-39-18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йоркке жұмыс сапары аясында Африка Одағы мен Еуропа Одағының бірлескен төрағалығымен өткен Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі жаһандық саммитке қатысты. Сондай-ақ, Еуропалық Кеңес Президентімен, БҰҰ Бас хатшысымен кездесті.

Мемлекет басшысы жаһандық азық-түлік тапшылығымен күресу үшін Қазақстан алдағы уақытта өзінің ауыл шаруашылығы әлеуетін пайдалануға ниетті екенін мәлімдеді. Еліміз астық пен азық-түліктің басқа да негізгі түрлерінің сенімді жеткізушісі болып қала бермек. Президент аштыққа қарсы іс-әрекет жөніндегі күш-жігерді жандандыруға шақырып, еліміздің Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымымен және өңірдегі БҰҰ институттарымен түрлі сатып алу жобаларына қатысуға, халықаралық транзиттік хаб ретінде жаһандық және тұрақты жеткізу тізбегін құруға қабілетті екенін жеткізді.

Ал Шарль Мишельмен кездесуде тараптар саяси диалогты дамытуға, сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аудара отырып, Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайту перспективаларын талқылады.

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен конструктивті және достық жағдайында өткен кездесуде Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың жай-күйі мен перспективалары талқыланды. Сондай-ақ, қазіргі заманның өзекті сын-қатерлерін шешудің ұжымдық әдістерін әзірлеуге бағытталған күш-жігерге ерекше назар аударылды. Тараптар Мемлекет басшысының Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ хабын құру бастамасының жүзеге асырылу барысын қарастырды. БҰҰ Бас хатшысы бұл маңызды бастаманы қолдайтынын айтты.

■ СЕНАТ

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында депутаттар отандық кинематографияны, мәдениет саласын және Қазақстанның мерекелерін одан әрі дамытуға қатысты заң жобасын талқылады.

Заң жобасында отандық кинематографияны ынталандыру үшін Ұлттық кинокомиссия құру, шетелдік инвесторларды тарту, халықаралық кинобизнес-алаңдарда және басқа да іс-шараларда Қазақстан Республикасының киноиндустриясын көрсету көзделіп отыр. Құжаттың мақсаты мемлекеттік қаржылық қолдауды жүзеге асыру, кинематографиялық қызмет субъектілерінің аясын кеңейту, ұлттық фильмдерді халықаралық аренада ілгерілету және ұлттық фильмдерді түсіруге бөлінетін қаржының: 70 пайызын – тарихи, патриоттық және имидждік, 30 пайызын – жеке киножобаларды, оның ішінде дебюттік фильмдер жобасын бірге қаржыландыруға бөлудің жаңа тәсілдерін айқындау үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Заң жобасында, сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгерістер енгізу ұсынылады, олар ұлттық мереке 25 қазан – Республика күнін және мемлекеттік мереке 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні болып белгіленген. Комитет мүшелері талқылау қорытындысы бойынша заң жобасын Палата отырысында қарауға жіберу туралы шешім қабылдады.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық жобасы әзірленуде, 2025 жылға қарай ауылдық елдімекендерде 650 алғашқы медициналық-санитарлық көмек объектісін салу көзделіп отыр. Сондай-ақ, 32 аудандық аурухана жаңғыртылатын болады», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министрдің айтуынша, ана мен бала өлімінің көрсеткіштерін төмендету үшін шұғыл шаралар қабылдау және әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің денсаулығына тұрақты мониторинг жүргізу керек. Одан бөлек, мүмкіндігі шектеулі балаларға уақытылы оңалту көмегін көрсетуге ерекше назар аудару қажет. «Өңірлермен бірлесіп, заманауи перинаталдық орталықтар салу және балалар ауруханаларын керекті жабдықтарымен жарақтандыру жөнінде шаралар қабылдау қажет», – деді Әлихан Смайылов. Премьер-Министр сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім беру гранттарының санын арттыру мәселелерін пысықтауды және денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жобалар аясында медициналық ақпарат жүйелерінің интеграциялануын қамтамасыз етуді тапсырды.

■ МИНИСТР

Денсаулық сақтау министрі Азғар Ғиният 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында «Дені сау ұлт» ұлттық жобасының іс-шараларын іске асыру халық денсаулығының негізгі көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік бергенін мәлімдеді.

Мәселен, қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 21,4%-ға, қатерлі ісіктерден 8,7%-ға, тыныс алу ағзаларының ауруларынан 23%-ға және туберкулезден 12%-ға төмендеген. Халықтың жалпы өлім-жітімі 15,5%-ға азайды. Өткен кезеңде күрделі және жоғары технологиялық медициналық қызметтердің 80 түрі бойынша 18 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Онкологиялық көмектің сапасын арттыру үшін Гамма-пышақ және ядролық медицина орталықтары жұмыс істейді, онда 300-ден астам операция жасалды және 400-ге жуық пациент емделді. Аудандық ауруханаларды заманауи компьютерлік томографтармен, рентген аппараттарымен жабдықтау жалғасуда, Астана және Алматы қалаларында екі ғылыми-инновациялық көпбейінді клиника салынып жатыр, бірқатар өңірде 8 балаларды оңалту орталығы ашылды.



ҮНДЕУ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ
БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ!

Қазақстанның болашағы әрқайсымыздың қолымызда



Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына
ҮНДЕУІ

Қымбатты отандастар!

Биылғы жыл жан-жақты реформалар мен нақты өзгерістер жылына айналды.

Маусым айында өткен референдумның нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады.

Мемлекет «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын берік ұстанады.

Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа аралас жүйе бойынша жасақталады.

Депутаттардың бір бөлігі партиялық тізіммен, қалғаны бір мандатты округтен сайланады.

Конституциялық сот құрылып, алдағы қаңтар айынан жұмыс істей бастайды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды.

Биліктің бірқатар өкілеттігі қайта бөлініп, кейбір құзыреттер Президенттен Парламентке берілді.

Енді өңірлердің әкімдері баламалы жолмен таңдалады.

Конституцияға жер және оның қойнауы халыққа тиесілі деген бап енгізілді.

Мен осы ережені жүзеге асыру үшін «Ұлттық қор – балаларға» деген мүлде жаңа бағдарлама ұсындым.

Конституциялық реформа – мен Мемлекет басшысы болып сайланғаннан бері жүзеге асырып жатқан ауқымды саяси жаңғыру бағдарламасының ажырамас бөлігі.

Осы бағдарлама аясында бейбіт жиналыстарды өткізу үшін алдын ала ескерту тәртібі енгізілді.

Саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетіліп, тіркеудің қажетті шегі төмендетілді.

Сайлау алдындағы партиялық тізімді жасақтау және депутат мандаттарын бөлу кезінде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді.

Саяси партиялардың Мәжіліске өту шегі 7-ден 5 пайызға төмендеді.

Сайлау бюллетендеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды.

Парламенттік оппозиция институты құрылды.

Қылмыстық кодекстің 130-бабы қылмыстық деп танылмайтын болды, 174-бабы ізгілендірілді. Өлім жазасы жойылды.

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәсілдері

енгізілді. Сондай-ақ, басқа да көптеген тың бастамалар жүзеге асырылды.

Жалпы, соңғы үш жылда жасалған өзгерістер мен конституциялық реформа мемлекеттік-саяси құрылымның жаңа үлгісін қалыптастырды.

Сондықтан мен Жолдауымда сайлау мерзімін жария түрде және ашық айттым.

Осылайша біз басты мемлекеттік институттар – Президент, Парламент, Үкімет және мәслихаттардың бәрін біртіндеп қайта құрамыз.

Осы бастамалар жарияланғаннан бері бір айға жуық уақыт өтті.

Бұл – барлық мәселені байыппен талқылап, жағдайды бағамдауға жеткілікті мерзім.

Халық біздің саяси жүйені өзгерту туралы жоспарымыздың мән-маңызын жақсы түсініп отыр.

Сондықтан мен бұған дейін айтылған сайлаудың мерзіміне және Ата Заңның талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашада өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Осы науқан елдің бүкіл саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін сайлау кезеңін бастап береді.

Сол арқылы экономиканы тұрақты дамытуды, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін ұзақ мерзімді міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Мен Жолдауымда бірқатар ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралар қолға алынатынын жарияладым.

Біз оның бәрін жақын арада жүзеге асыруымыз керек.

Көп ұзамай қоғамға сайлау алдындағы тұғырнамды ұсынамын.

Онда әлеуметтік-экономикалық дамуды көздейтін жаңа бастамалар айтылады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде сайлау науқаны қатаң түрде заңға сәйкес өтетініне кепілдік беремін.

Оны отандық және шетелдік байқаушылардың қатысуымен әділ әрі ашық өткізетін боламыз.

Барша азаматтарымызды жауапкершілігін сезініп, демократия, заң және тәртіп қағидаттарын берік ұстануға шақырамын.

Еліміздің бірлігі мен тұтастығын көрсете білейік.

Халқымыздың тағдыры, Қазақстанның болашағы әрқайсымыздың қолымызда.

Біз Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз!



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

АДАМЗАТТЫҢ ОРТАҚ ҮЙІ

саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымының құндылықтар жүйесі әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған адамға үміт сәулесі болып қала береді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 77-сессиясының жалпы дебатында сөз сөйледі

Қазақстан Президентінің БҰҰ Бас Ассамблеясы 77-сессиясының Жалпы дебаттарына қатысуы Нью-Йоркке сапарының басты оқиғасы болды. Басты халықаралық мінберде сөз алған Қазақстан Президенті БҰҰ-ның штаб-пәтеріндегі кездесу әлем геосаяси текетірістің жаңа кезеңіне қадам басқан адамзат үшін сындарлы кезеңде өтіп жатқанын айтты.

Мемлекет басшысы атап өткендей, тәртіп пен жауапкершілікке негізделген әрі бұрын қалыптасқан халықаралық жүйенің орнын хаос пен болжауға келмейтін жағдай басып жатыр. Жаһандық тежеу мен тепе-теңдік жүйесі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтай алмады. Қауіпсіздік архитектурасы жойыла бастады. Әлемдік державалар арасындағы өзара сенімсіздік жылдам артып келеді. Әлем әскери қақтығыстардың жаңа толқынының құрбанына айналды. Біз бірінші рет екі буыннан кейін ядролық қаруды қолдану қаупімен бетпе-бет келдік.

Президент АҚШ-қа сапарының екі күнінде 27 кездесу өткізіп, 3 ірі шараға қатысты.

ҮШ ҚАҒИДАТ

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды кедергілерге және экономикалық оқшаулануға байланысты проблемаларды атап өтті. Оның айтуынша, экономикалық және саяси санкциялар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тізбегін жойып, миллиондаған адамға, әсіресе қоғамның осал топтарына қауіп төндіретін «жаңа нормаға» айналды.

Қазақстан Президенті өз сөзінде 77 жыл бұрын БҰҰ-ның негізін қалаушы мемлекеттер ұйымның Жарғысында осы уақытқа дейін біздің қызметімізді сәтті реттеп келгенін халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын жазып, бекіткенін еске салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ негізінде жатқан іргелі постулаттарды сақтаудың маңыздылығына назар аударды. Атап айтқанда, ол мемлекеттер егемендігінің теңдігі, территориялық тұтастықты құрметтеу және мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі сияқты үш негізгі қағидаттың өзара байланысын қайта қарастыру қажеттігіне тоқталды.

– Бұл үш қағидат өзара бір-біріне тәуелді. Осы қағидаттардың бірін сақтау қалған екеуін ұстануды білдіреді. Ал олардың бірін бұзу, басқа екеуін бұзған болып саналады. Дәстүрлі және ядролық қарусызданудың жаһандық жүйесі әлсіреген кезде аталған үш қағидатқа қауіп төнеді. Керісінше, үш қағидаттың түгел сақталуы олардың күшеюіне ықпал етеді. Бұл қағидаттар бірге кеңейтіл-

ген мемлекетаралық ынтымақтастықтың келесі үш деңгейіне негіз болады: субөңірлік, өңірлік және жаһандық. Бұл адамзат үшін пайдалы. БҰҰ аясында бекітілген құндылықтар жүйесі әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған адамға үміт сәулесі болып қала береді, – деп сенім білдірді Президент.

ҰЖЫМДЫҚ КҮШ-ЖІГЕР ҰТЫМДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев ынтымақтастық рухына негізделген БҰҰ-ны басшылыққа алып, аталған құндылықтарды батыл қорғауға шақырды.

– Біз ортақ мұрамыз бен игілігімізге нұқсан келтіретін батылсыздыққа немесе біржақты мүддеге жол беруге құқымыз жоқ. Көп нәрсеге тәуекел етуге тура келеді. Осыған байланысты Қазақстан инклюзивтілік, көпжақтылық және ізгі ниет жолында тиісті субъектілердің бәрімен ынтымақтастық орнатуға дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы заманауи сын-қатерлерді тек ұжымдық күш-жігермен ғана жеңуге болатынын айтты. Осыған байланысты ол бірқатар тәсілдерді атап көрсетті.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 77-сессиясының Жалпы дебатында бірнеше жаһандық өзекті мәселені көтерді.

– Өткен жылдардағы көптеген және көбіне өзара байланысты дағдарыстар жаһандық басқаруда айтарлықтай кемшіліктер бар екенін көрсетті. Олар БҰҰ-ны жаңғырту және реформалау қажет екенін айқындап берді. БҰҰ алдағы сын-қатерлерге және туындайтын мүмкіндіктерге дайын болуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті БҰҰ Бас хатшысының «Біздің ортақ мәселеміз» атты баяндамасындағы ұсыныстарын құптады. Оның пікірінше, бұл БҰҰ Жарғысының ережелерін бекіту, көпжақтылыққа жаңа серпін беру, қолданыстағы міндеттемелерді іске асыруды күшейту, жаңа сын-қатерлерге нақты жауаптарды келісу және мүше мемлекеттер арасындағы сенімді қалпына келтіру үшін зор мүмкіндік.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық сын-қатерлер мен дағдарыстарға жай ғана жауап беруден олардың алдын алуға және қалыптастып келе жатқан үрдістерді жақсы болжауға көшу қажеттігін мәлімдеді.

– Қазақстан 30 жыл бұрын дәл осы мақсатпен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөнінде кеңес (АӨСШК) құруды ұсынды. Жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге байланысты алдағы қазан айында араағайындық пен бітімгерлікке атсалысу мақсатында өтетін Саммитте АӨСШК толыққанды халықаралық ұйымға айналады деп үміттенеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз сөзінде бұрыннан қалыптасқан әлемдік қауіпсіздік жүйесін қалпына келтірудің, территориялық тұтастықты сақтаудың, елдердің егемендігін құрметтеудің маңыздылығын атап өтті.

ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПАРАДИГМАСЫ

Мемлекет басшысы Шығыс пен Батыс арасындағы ашық диалогты, сондай-ақ өзара сенім мен көпжақты ынтымақтастық қағидаттарына негізделген жаңа жаһандық қауіпсіздік парадигмасын құруға шақырды.

Президент ядролық державалардың бәсекелестігі мен текетіресінің күшеюіне, сондай-ақ Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың шолу конференцияларында жетістіктің жоқтығына алаңдаушылық білдірді. Ядролық қарусыздану Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі екенін айта келе, Мемлекет басшысы біздің еліміздің ядролық қарудан азат әлем құру үшін күресін жалғастыратынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев биологиялық қауіп-қатерлерді азайтуға бағытталған шұғыл шаралар қабылдаудың өзектілігін атап өтті. Осы орайда, Қазақстан Президенті Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы бұрынғы бастамасын тағы да еске салды.

Мемлекет басшысы климаттың өзгеруіне қарсы күресті халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді талап ететін тағы бір басты міндет ретінде атады.

– Егер жағдайды жақсартқымыз келсе, жылдам іске көшуіміз қажет. Көпшілігіміз қазірдің өзінде бұл бағытта батыл қадамдар жасадық. Қазақстан 2060 жылға қарай еліміздің энергетика секторының мұнай мен газға тәуелділігінен көміртегінен бейтарап

экономикаға толық көшіру міндетін алды. Ғаламшарымызды құтқару үшін бұрын-соңды болмаған көлемде инвестиция қажет. Бірақ климаттың өзгеруіне қарсы күрес даму немесе жаңғыру процесінің есебінен жүргізілмеуі керек. Сондықтан осы жылы өтетін COP27 климаттық конференциясында Ұйымға мүше мемлекеттер, сондай-ақ жаһандық бизнес-қоғамдастық климатқа қатысты қаржыландыру жөніндегі өз міндеттемелерін тағы да ұлғайта түсуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӘЛЕУЕТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев климаттық күн тәртібі жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі дағдарысымен тікелей байланысты екенін атап өтті. Ол жаһандық азық-түлік қауіпсіздігімен күресу үшін Қазақстанның орасан зор ауыл шаруашылығы әлеуетін пайдалану туралы шешім қабылдағанын мәлімдеді.

– Қазақстан алдағы уақытта да астық пен басқа да әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің сенімді жеткізушісі болып қала береді. Сондай-ақ, біз Қазақстанда орналасқан Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымымен, сондай-ақ БҰҰ агенттіктерімен ынтымақтастықты нығайтуға ниеттіміз. Бұл

Мемлекет басшысы Азық-түлік жөніндегі жаһандық саммитке қатысып, әлемдік нарықтағы Қазақстанның рөлін аттыруға бағытталған бірнеше ұсыныс айтты. Ол еліміздің астық және басқа азық-түлік түрлерін тұрақты жеткізу мәселесіне, Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға қатысты болды.

тұрғыда азық-түлік пен тыңайтқыштарды барлық санкциялар мен шектеулерден босату аса маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы сенімді, әртарапандырылған жаһандық транзиттік және көліктік инфрақұрылымның маңыздылығына тоқталды. Осы тұрғыда Президент Қазақстанның Азиядан Еуропаға дейінгі маңызды құрлық дәлізі ретіндегі өсіп келе жатқан рөліне тоқталды.

– Транскаспий халықаралық көлік бағытына немесе «Орта дәлізге» тың серпін берілді. Алдағы жылдары біз Қазақстан арқылы жүк тасымалының айтарлықтай арта түсетініне сенімдіміз. Біз Каспий теңізінің бейбітшілік пен жаңа мүмкіндіктер теңізі ретіндегі позициясын қамтамасыз етуіміз керек. Алдағы айларда Қазақстан сауда және жеткізу тізбегінің істен шығуы салдарынан туындайтын энергияға және маңызды шикізатқа қолжетімділіктің шектелуін азайтуға көмектеседі. Ұзақ мерзімді перспективада біз жасыл сүтегі мен жаңартылатын энергия көздеріне ерекше назар аударатын, энергия көздерін әртарапандыруға ұмтыламыз, – деді Мемлекет басшысы.

ДЕМОКРАТИЯНЫ ДАМУДАҒЫ ТЫҢ СЕРПІЛІС

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдерінің саяси және экономикалық өзара іс-әрекетін нығайтуға ниетті екенін ерекше атап өтті. Өңірдің халықаралық ынтымақтастық, оның ішінде табиғи және ауыл шаруашылық ресурстары, адами капиталы мен транзиттік әлеуеті арқылы зор мүмкіндіктерге ие екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған еліміздегі ауқымды саяси және экономикалық реформаларға да тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы ішкі саяси оқиғаларға, атап айтқанда президент мерзімінің қайта қарастырылып жатқанын атап өтті.

– Бұл – Қазақстанда демократияны дамытудағы тың серпіліс. Біз «күшті Президент – беделді Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын қатаң ұстана береміз. Бұл формула Қазақстанның ұлттық мүдделеріне толық сәйкес келетініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖОЛДАУ-2022

Нүркен АЙТЫМБЕТОВ,
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институтының жетекші ғылыми қызметкері:

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУЫҒА ҚАЖЕТ


Биылғы Жолдаудың осыған дейінгі жолдаулардан өзгешелігі – халықтың шын мәнінде Жаңа Қазақстанды құру жолында мемлекет тарапынан, ел болып терең әлеуметтік-экономикалық реформалар мен нақты іс-қимылдарға бағытталған бастамаларды асыға күтуі деп айтуға болады. Қазіргі әлемде қалыптасқан күрделі геосаяси жағдайда ел ешінде тыныштықты сақтау, экономикалық өсімді үнемі қамтамасыз ету мен әлеуметтік қамсыздандыруды естен шығармау тұрақты даму кепілі болып табылатыны сөзсіз. Президент бұл жолғы өзінің Жолдауында реформалардың нақты бағыттарын анықтау үшін, ең алдымен, жаңа экономикалық саясатты құрудан бастауы сондықтан болар.

Президент сөзімен айтар болсақ, бүгінгі күні ел экономикасының дамуын тежеп отырған жүйелі проблемалар мыналар: шикізат өніміне тәуелділік, еңбек өнімнің төменгі деңгейі, инновациялық даму деңгейінің көңілден шықпауы, табыстың тиімсіз бөлінуі. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Жолдауда ұлттық экономика дамуына кедергі жасайтын осы сынды бүгінгі күннің проблемаларын шешудің мынандай нақты жолдарын ұсынды, олар: «Макроэкономикалық тұрақтылық, экономиканы диверсификациялау, цифрландыру, шағын және орта бизнесті, адам капиталын дамыту, заң үстемдігін қамтамасыз ету».

Қазіргі уақытта әлемнің үздік дамыған мемлекеттерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ұлттық

экономиканы дамыту заманауи инновациялық технологияларды игеру мен белсенді ендіруді талап етеді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларын цифрландыру мен автоматтандыру салықтан түскен табыстың ашық әрі адал түрде іске асуын қамтамасыз ететіні анық. Сонымен бірге, алдыңғы қатарлы озық инновациялық технологиялар жалпы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, ел тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін де қажет. Бұл бірінші кезекте цифрлы өркениет заманында адам капиталының дамуымен тығыз байланысты. Шын мәнінде, бүгінгі күні ғаламторға қолжетімділіктің өсуі саяси ақпарат ағынын арттырып, азаматтардың білім мен жаңа заман талабына сай кәсіби шеберліктерді жаппай игеруіне жол ашты.

Заманауи коммуникациялық құралдардың қоғамдық өмірге жылдам қарқынмен енуінің тағы бір басым тұсы ретінде азаматтарымыз үшін әлеуметтік-саяси процестер жайлы ақпараттар ағынының еселеп өсуі, азаматтық қоғам институттарының рөлі артуын айтуға болады. Осыған орай, қазақстандық қоғамның жаңа саяси мәдениеті жаһандану процесі жағдайында қалыптасуды бастан өткеруде. Оған айқын мысал ретінде соңғы жылдары қоғамда орын алған әртүрлі проблемалар мен өзгерістерге азаматтардың бей-жай, немқұрайлы қарамайтындығын және оған өз тарапынан баға бере алатындығын көрсетті. Атап айтқанда, үстіміздегі жылы болған



түрлі саяси оқиғаларға, мемлекет тарапынан көтерілген жаңаруларға, референдумға белсене қатысуынан қоғамның саяси белсенділігінің артып отырғандығын көруімізге болады. Осы орайда, әлеуметтік-саяси процестерге қазақстандық қоғамның белсенді атсалысуында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ықпалын жоққа шығара алмаймыз.

Әрбір үшінші азамат «жастар» категориясына енетін Қазақстан үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жастар арасында қолданысы ғылыми тұрғыда зерттелуі тиісті маңызды тақырыпқа айналып отыр. Себебі, заманауи цифрлы технологиялар елдің әрбір азаматының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді, олар күн өткен сайын біздің өміріміздің әртүрлі салаларын көбірек қамтып келеді. Атап айтқанда, қазақстандық жастар заманауи цифрлы технологияларды жылдам игеру үшін де және аталмыш жаһандық үрдістің барлық игіліктерін қолдануға мүмкіндік алды. Оған қоса, соңғы жылдары бүкіл әлемде орын алған пандемия салдары жастардың заманауи технологияларды қолдану аясының кеңеюі мен ғаламтордың оларға тигізетін ықпалының одан әрі артуына септігін тигізуде.

Лаура ТОҚТАРБЕКОВА,
PhD философия
докторы:

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Мемлекет басшысының кезекті Жолдауында халық игілігіне қажетті бірталай маңызды әлеуметтік мәселелер көтерілді.

– Жастарға жан-жақты қолдау көрсету. Жаңа Қазақстанның болашағы жастар болғандықтан, оларды жұмыспен қамтамасыз ету, кәсіпкерлік бастамалары үшін 2,5 пайызбен несие беру – құптарлық. Алайда, тек кәсіпкерлік үшін ғана емес, жастардың басты мәселесі баспана болғандықтан, оларға тұрғын-үй жағдайын түзету үшін де 2,5 пайызбен несие берілгені дұрыс.

– Әрбір балаға кәсіптік жасына толғанға дейін Ұлттық қордан қаражат бөлу. Бұл жинақталған қаражат жеткіншектің білім алуы мен үй сатып алуына жұмсалады. Егер бұл бастама шынымен іске асырылатын болса, көптеген әлеуметтік жағдайы төмен отбасы үшін үлкен көмек болатыны анық.

– 32 аудандық аурухананы толық модернизациядан өткізу. Дені сау ұлт сау мемлекет дегендей, емханалар мен ауруханалардың қазіргі жағдайы мәз емес екендігі баршаға мәлім. Сондай-ақ, кейбір ақылы немесе ақылы емес емдеу орталықтарында отырған жас дәрігер мамандардың кәсіби деңгейлерінің төмендігі де белгілі. Бұл орайда, резидентура үшін гранттарды 70 пайызға көбейту оң шешім.

– Орта білім беру сапасын арттыру. Әлі толықтай шешілмеген мәселе – Алматы, Астана және т.б. қалалардың кейбір аудандарында мектеп тапшылығы. Сыныптарда оқушы саны 30–32-ден асып кеткен, бастауыш сыныпта оқитын оқушылар санының көптігінен үш



ауысымнан оқиды. Біз «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасын шартты орындау барысында, 150–200 түтіннен аспайтын шағын ауылдарда 1000 орынды мектептер салынып, қаңырап бос тұрғанын да білеміз. Осы қателікті қайталамау үшін халық саны көп аудандар мен ауылдарға ғана мектептер мен ауруханалар салу керек.

– Мектепке дейінгі тәрбие мәселесін басты назарға алу. Балабақша тәрбиешілерінің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейтіп, жұмыс жүктемесін азайту, ең бастысы, балабақшаны емес, сонда кызмет ететін тәрбиешіні аттестациядан өткізу жұмыс берушінің білікті маманды жұмысқа алуына кепілдік береді. Өйткені, соңғы кездері әлеуметтік желілерден балабақша тәрбиешісінің немесе күтушісінің балаға жасаған психологиялық, физикалық қысым көрсетулерінің куәсі болудамыз. Оның себебі – мемлекеттік немесе мемлекеттік емес балабақшаға педагогикалық білімі бар немесе университетті енді бітірген, жұмыс таппай жүрген кез келген адамды жұмысқа қабылдай береді. Өйткені, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілерінің жалақысы аз болғандықтан, оған арнайы мектепке дейінгі білімі бар маман өздігімен келмейді. Сондықтан тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілерінің біліктілігін тексеру үшін аттестациядан өткізу маңызды.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР

құзыретін кеңейту қажет

Негізгі ашық, азаматтық-демократиялық қоғам орнатудың бірден-бір жолы – Үкіметтік емес ұйымдардың қызметін барынша жақсарту. Бүгінде елімізде 25 мыңнан астам қоғамдық ұйым тіркелген. Бұл, әрине, ресми түрде тіркелгендері ғана, ал тіркелмегендері қаншама. Қоғамдық ұйымдарды қозғаушы күшке айналдыру үшін олардың құзыретін кеңейту қажет.



**Серік
ЖУМАБАЕВ**

**ҚОҒАМДАҒЫ ТҮЙТКІЛДЕР
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ
АРАЛАСУЫМЕН РЕТТЕЛУІ КЕРЕК**

Кезінде Қазақстан билігі үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігін күшейтуге шынайы ықылас білдірді. Тек қана соңғы 16 жылда «үкіметтік емес ұйымдарды» мемлекет есебінен қаржыландыру шамамен 11 миллионнан 20 млрд теңгеге дейін өсіпті. Шынында да, қоғамдағы түйткілдер қоғамдық бірлестіктердің араласуымен реттелуі керек. Дегенмен, қазір жасыратыны жоқ, қоғамдық ұйымдар ақша табудың көзіне айналып барады. Сондықтан үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын жетілдіріп, белсенділігін арттырған жөн. Өйткені, тізімді тұрған ұйымдардың барлығы қарбалас жұмыс жасап жатыр деп айту қиын. Тек біршамасы ғана белсенділік танытып жүр.

**ҮЕҮ-ҒА ЖЕҢІЛДІКТЕР
ЖАСАҒАН ЖӨН**

Өткен жылдары ҮЕҮ-дарға мемлекеттен, жергілікті әкімдіктен гранттар өте көп бөлінді. Үкімет бейресми ұйымдардың жұмыс белсенділігін арттыруға шынайы ықылас білдіріп отыр. Бірақ кейін сырттан қаржыландырылатын халықаралық ұйымдарға

қойылатын талап күшейді. Осы ретте мемлекеттік құрылымға жұмыс істеуге келісім берген ұйымдар ғана мемлекеттен қаржыландырылатын болды.

Қазір ҮЕҮ-дың қатарын екіге бөліп қарастыруға болады. Алғашқысы – мемлекеттік тапсырыстар бойынша жұмыс жасап жатқандар. Бұл қатардағы ұйымдар саяси белсенділік танытуы қиын. Демек, оларды қоғамның қозғаушы күші деп атау әлі ертерек. ҮЕҮ-дың келесі бір бөлігі – әртүрлі жолдармен өз-өзін қаржыландырып отыратын ұйымдар. Осылайша еліміздегі қоғамдық ұйымдарды қаржыландырудың мемлекеттен басқа орталықтарының болмауынан ҮЕҮ белсенділігі көп байқалмай тұр. Сондықтан сырттан қаржыландырылатын қоғамдық ұйымдардың да жұмысына жеңілдік берген жөн секілді.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГРАНТТАР АЛУҒА
ЖОЛ АШУ ҚАЖЕТ**

Әрине, сырттан қаржыландырылатын қоғамдық ұйымдардың арасында өзге бір аймақтың саяси мүддесін күйтейтіндері де болады. Себебі, ешбір мемлекет өз қаржысын тектен-тек шашпайды. Дегенмен, Ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін, идеологиялық тұрғыдан теріс пиғылы бар қаржыландырушы орталықтардан бойды аулақ салып, тек халықаралық гранттармен ғана жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдардың жолын ашу керек шығар. Әрине, оның да ішінде сан түрлі мақсатты көздейтіндері болатыны анық.

Бір ерекшелігі, шетелдің қоғамдық ұйымдарының көпшілігі ірі компаниялардың қайырымдылыққа бөлген ақшасымен жұмыс істейді. Қандай да бір компания өзінің табысының белгілі бір пайызын қайырымдылық ретінде құрбандыққа шалып отырады. Осылайша мүгедектер құқын қорғау, балалар құқын қорғау қорлары, я болмаса рухани-мәдени өрлеуге бағытталған қорлар мен бірлестіктер жан-жақты қаржыландырылып отырады. Өкінішке қарай, Қазақстанда мұндай құбылыс жоқтың қасы.



Шетелдің қоғамдық ұйымдары тек мемлекеттік гранттармен ғана емес, ірі компаниялардың бөлген қаржысымен де жұмыс істейді. Мәселен, Германиядан, Англиядан, Голландиядан гранттар ұтып алған азаматтар бар. Қысқасы, оларда қоғамды демократияландыруға ақша бөліп отыру дәстүрге айналған.

**БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ
БІР БОЛУЫ ТИІС**

Қоғамдық ұйымдар әртүрлі болып келеді. Оған партиялар, кәсіподақтар, жастар ұйымдары, кооперативтік бірлестіктер, шығармашылық одақтар, әртүрлі ерікті қоғамдар, ғылыми, мәдени-ағарту, спорттық, қорғаныс, діни және тағы басқалары жатады. Осы ретте біздің еліміздегі кәсіподақтардың жұмысына тоқталайық. Айта кетелік, дүние жүзі бойынша дәл осы кәсіподақтардың беделі біздегіден анағұрлым жоғары. Олар жұмысшылардың мүддесін қорғап үкіметке талап қойып, өз талаптарын орындата алады. Ал бізде ше? Біздегі кәсіподақ ұйымдарының белсенділігі керемет деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Қарапайым адамдардың еңбегі дұрыс бағаланбай, тұрмысы төмендеп жатса да оларды қорғайтын заңды орындар дәрменсіз болып шығады. Содан барып жұмысшылардың құқығы тапталып, кәсіпорынның иелері, былайша айтқанда байлар білгенін істейді. Бұл нені көрсетеді? Қоғамдық ұйымдар жұмысын әлі де жетілдіру түсу қажеттігін аңғартады. Бұл жерде бір ғана Үкімет өз бетімен халықтың барлық жағдайын жасай алмайды. Қоғамдық ұйымдардың, бұқараның өзінің белсенділігі аса қажет. Олай болса, билік пен

бұқара бірге әрекет етуі тиіс. Одан кейін бұқараның белсендігін арттыру қажет. Сонда ғана әрбір адам өз елінің иесі екенін түсініп, оның болашағына жауапты екенін сол кезде ғана сезіне алады. Билік пен бұқара біріккенде ғана мемлекеттің қуаты артып, тұрғындарымыздың тұрмысы жақсаратын болады.

Қалай дегенмен де, мұны дұрыс қолдана білсек, бұл арқылы қазақ мәселесін де, тіл мәселесін де, кез келген түйінді шешуге болар еді. Бір екі ғана мысал келтіре кетейік. Бағы жанбазан білім саласындағы «Әліппенің» әлегі, шет тілін балабақшадан бастап оқытпау, баланы ана тілінде оқытып, ұлттық тәрбиеге баса назар аудару керектігі жөнінде жұртшылық неше жылдан бері айтып келеді. Осы маңызды мәселе қоғамдық ұйымдардың толассыз талабы бойынша енді ғана қолға алынды. Алдында болған жиырма шақты «реформатор» министрлердің біліксіздігінен болған былықтарды енді ғана түзей бастадық. Енді қоғамдық ұйымдар тіл мәселесінде Конституциямыздағы жетінші баптың екінші тармағын алып тастап, Тіл туралы заң қабылдау керектігін талап етсе, бұл да алдағы уақытта шешімін табады деген үміттеміз.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қазіргі уақытта Әділет министрлігінің тізімінде 25 мыңнан астам ҮЕҮ тіркелген. Оның қаншасы белсенді жұмыс істеп отырғанын тап басып айту қиын. Бірақ олардың бағыттары әртүрлі, атап айтқанда, 6 пайызы – экологиялық, 14 пайызы – балалар мен жастар, 8 пайызы – әйелдер және гендерлік, 7 пайызы – медициналық, 7 пайызы – ғылым және білім беру, 8 пайызы мүгедектер қоғамы, құқық қорғау мәселесіне жауап береді. Үкіметтік емес секторда 75 мыңға жуық адам тұрақты негізде, 90 мың адам – уақытша, 100 мыңнан астам адам ерікті бастамамен қызмет етеді. ҮЕҮ-ның түрлі саладағы қызметін 2,5 миллионға жуық адам пайдаланады.



ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ кәсіби ар-намыс кодексін білуі міндетті



Сот жүйесі тиімділігінің маңызды критерийлерінің бірі сот шешімдерінің орындалуы болып табылады. Алматылық сот орындаушылары қисынды және тек заң аясында әрекет етеді. Алматы қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары Жаңабай Ағманов Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде жұмыс ерекшелігі, борышты өндіріп алу және өндіріп алушылардың мүдделерін қалпына келтіру туралы толық айтып берді.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Әдетте, сот орындаушылар сот шешімдерімен және басқа да атқарушылық құжаттармен жұмыс істейді. Алгоритм келесідей: сот орындаушысы соттан, полициядан және басқа да органдардан құжаттармен атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы арызды алады. Атқарушылық іс жүргізу басталады, борышкерге өз еркімен орындау мерзімі беріледі. Егер ол құжат талаптарын орындамаса, мамандар орындауға кіріседі.

Сот орындаушыларының жұмысы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңымен реттеледі, онда олардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ тәртібі көрсетілген.

Жаңабай Ағманов атқарушылық әрекеттер жасалған жерде сот орындаушысы аудио-, фото-, бейнетіркеуді пайдалана алатындығын хабарлады. Кейіннен алынған материал атқарушылық іс жүргізуге қоса тіркеледі.

«Шығаруға, орналастыруға, бұзуға байланысты атқарушылық құжаттарды орындау кезінде, сондай-ақ Мүлкті тізімдеу және алып қою кезінде фото-, бейнетүсірілім жүргізу маңызды. Заңда сот орындаушысы борышкерлермен жұмысты тіркеуіне міндетті болатын нақты жағдайлар айқындалған. Бұл ретте сот орындаушысы борышкерге түсірілім жүргізіліп жатқанын хабарлайды», – деді спикер.

Әділет департаменті басшысының орынбасары мұндай бекіту, әдетте, борышкерлерді ұстап тұратынын және олардың құқыққа

қарсы іс-әрекеттер жасауына кедергі келтіретінін не осындай іс-әрекеттердің дәлелі болып табылатынын атап өтті.

Көбінесе сот орындаушылары өз жұмысында ауыр психологиялық қиындықтарға тап болады. Адамдар мамандардың жұмысына кедергі келтіреді. Сондықтан сот орындаушыларының қатарында жұмыс тәжірибесі мен күйзеліске төзімді құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері аз емес. Сондай-ақ, психолог сот орындаушыларымен жұмыс істейді. Ал олар үшін кәсіби ар-намыс кодексін білуі міндетті болып табылады.

Журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, Жаңабай Ағманов жұмысқа кедергі келтіретін және үйге кіргізбейтін борышкерлер заңды өкімге бағынбағаны үшін Әкімшілік кодекстің 667-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін, бұл 30-дан 50 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға әкеп соғатынын айтты.

Бұдан басқа, Әкімшілік кодекстің 670-бабында сот орындаушысының қаулылары мен заңды талаптарын орындамағаны үшін жеке тұлғаларға – 10, лауазымды адамдарға – 15, заңды тұлғаларға – 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл көзделген.

Борышкерлер сот шешімдерін мүлдем орындамайтын кездер болады, мұндай жағдайларда олар жылжымалы, жылжымайтын мүлктен айырылуы мүмкін.

Көбінесе алимент бойынша борышкерлер сот орындаушыларының назарына түседі. Бұл жұмысқа медиатор қосылады.

БРИФИНГ

АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы, яғни ВИЧ) қалай жұғады және оны жұқтыру қаупін азайту үшін не істеу керек? Осы және өзге де сауалдарға Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматыдағы ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығының өкілдері жауап берді. Метрополис АИТВ инфекциясының таралуы бойынша республикада алтыншы орында.



«ВИЧ» ҮКІМ ЕМЕС



Нуржамал
ӘЛШЕВА

ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығы бас дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік және эпидемиологиялық мәселелер жөніндегі орынбасары Альфия Денебаева АИТВ мәселесіне кеңінен тоқталды. Ол біздің елімізде АИТВ жұқтырудың алғашқы дерегі 1987 жылы тіркеле бастағанын айтып өтті. Бүгінгі күні елімізде АИТВ диагнозымен 28 мыңға жуық адам өмір сүріп жатыр. Алматы қаласында да бұл тұрғыда көрсеткіштер алаңдаушылық туғызады.

«АИТВ инфекциясы таралуының ең жоғары көрсеткіштері СҚО, ШҚО Павлодар, Қарағанды және Қостанай облыстарында тіркелген. Ал ең төменгі көрсеткіштер Қызылорда облысында байқалады», – деді А.Денебаева.

ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығы қауіпті инфекцияның алдын алумен жүйелі түрде айналысып келе жатқанына біраз жылдың жүзі болған. Мәселен, жыл сайын қала халқының 16-17%-ы ағзасында АИТВ-ның бар-жоғын білу үшін тексеруден өтеді. Бұл шамамен 350 мың зерттеуді құрайды. АИТВ статусын арнайы тест тапсыру арқылы ғана білуге болады. Әрбір адам тұрғылықты жері бойынша емханада немесе ЖИТС орталығынан АИТВ-тесттен тегін өте алады.

Альфия Денебаева инфекцияның таралу

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы қалалық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығының профилактикалық жұмыс бөлімінің басшысы Альмира Зәуірбекова:

Алматыда жүкті әйелдердің ерлері де АИТВ-ға тестілеуден өтеді. АИТВ-ны бала жүктілік, босану және емізу кезінде анасынан жұқтыруы мүмкін екені белгілі. Ал анасы антиретровирустық терапияда болса, оның балаға АИТВ жұқтыру қаупі өте төмен. Сондықтан Алматыдағы ЖИТС орталығы АИТВ жұқтырған аяғы ауыр әйелдерге профилактикалық ем жүргізіп, дүниеге дені сау балалардың келуін қамтамасыз етеді.

«Жүкті әйелдерді АИТВ-ға екі рет жоспарлы тексеруден өткіземіз. Бұл алдын алу іс-шараларын уақтылы бастауға мүмкіндік береді. 2020 жылдан бастап жүкті әйелдердің жыныстық серіктері де АИТВ-ға тестілеуден өтуде», – деді А.Зәуірбекова.

Инъекциялық есірткі қолданушылар арасында парентеральді берілуінің алдын алудың тиімді шараларының бірі «зияндылықты азайту» бағ-

жалдары туралы да тілге тиек етті. АИТВ үш жолмен беріледі: жыныстық қатынас, жұқтырған адамның қаны арқылы (мәселен, тіс щеткасын, қырыну және маникюр құралдарын ортақ пайдалану, татуировка және пирсинг жасатқанда көктамырыштық препараттарды қолдану кезінде) немесе жұқтырған анадан балаға, жүктілік, босану және емізу кезінде. Вирус басқа жолдармен берілмейді. Сондықтан мамандар ВИЧ індетін жұқтырған адамнан мүлдем іргені аулақ салмай, онымен араласуға және дос болуға әбден болатынын айтады.

«Кейінгі жылдары жалпы ел бойынша, сондай-ақ Алматы қаласында да АИТВ-ның жыныстық жолмен берілу көрсеткіші едәуір өскені байқалады. 2013 жылғы 63%-дан 2022 жылы 78,6%-ға дейін көбейгені, оның ішінде Алматы қаласында барлық анықталған жағдайлардың 16,8%-ы жыныстық жолмен берілгені анықталған. Ал есірткі қолданушылардың ине арқылы жұқтыратындардың үлес салмағы 15%-ды құрап отыр», – деді А.Денебаева.

Спикердің айтуынша, бүгінде АИТВ инфекциясы емделетін созылмалы аурулар санатына көшкенін атап өтті. Қазіргі уақытта емдеу диагноз қойылғаннан кейін бірден басталады және тегін көрсетіледі.

Биылғы 1 қыркүйекке дейінгі мәлімет бойынша Алматы қаласының ЖИТС орталығында диспансерлік есепте 4009 адам тұр. Жыл сайынғы өсім 10-11%-ды құрайды. Антиретровирустық терапияны 3658 адам қабылдап жүр.



дарламасы болып отыр.

«Зияндылықты азайту – бұл есірткі қолданудың жағымсыз салдарын азайтуға бағытталған, яғни АИТВ, туберкулез, вирустық гепатит сияқты аурулардың берілуін азайтудың кешенді іс-шаралары. Осы бағдарламаны іске асыру аясында қалалық емханаларда 19 сенім пунктін мен 5 «достық» кабинеті жұмыс істейді», – дейді спикер.

Сондай-ақ, маман АИТВ-тесттен өткісі келетін адамның оған онлайн тапсырыс беруге болатынын да айтып өтті. Нақтыласақ, Алматы қаласы ЖИТС орталығының сайты арқылы hivtest.kz сілтемесі бойынша тапсырыс беруге болады.

БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АВТОКӨЛІКСІЗ ЖҮРУ КҮНІ!

«КӨЛІКСІЗ БІР КҮН»

22 қыркүйекте әлемнің көптеген елдерінде «Көліксіз бір күн» акциясы ұйымдастырылады. Тұрғындар қала бойынша қоғамдық көліктерде, велосипедтерде, роликтерде, самокаттарда немесе жаяу жүреді. Осындай алғашқы акция 1997 жылы Англияда өткен. Бірнеше жыл ішінде ол ауқымды халықаралық іс-шараға айналды: жыл сайын жүздеген қала тұрғындары бүкіл әлем бойынша көлікпен жүруден бас тартқан. Тіпті, акцияға қатысушылар үшін бонустар ойластырған. Мәселен, бұл күні велосипедтерді жалға беру нүктелерінің көпшілігінде екі дөңгелекті көлікті тегін алуға болады, самокаттарды арзан бағада жалдай аласыз. Жүгіру кезінде тұрғындар бір-біріне қолайсыздықтар туындатпауға тырысатын көрінеді.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ


Осы ретте Алматы қаласына осындай акция ұйымдастыру керек-ау деген ойға келеміз. Себебі, мегаполистің ауасы күннен-күнге нашарлап келе жатқанын экологтар дабыл қағып, талай айтып жатқанын естиміз. Алайда, оған құлақ асқан халықты көрмейміз. Керісінше, күн санап жеңіл көліктердің саны артып келе жатқанын байқауға болады. Қарап отырсақ, тұрғындардың басым көпшілігі қоғамдық көліктерде қатынайтынын байқаймыз. Себебі, таңмен таласа да, тал түсте де автобустарға кіре қалсаңыз, жолаушылар легі азайғанын көрмейсіз. Қай уақытта болмасын қоғамдық көліктер адамдарға лық толы. Кейде 1-2 адам отыратын жеңіл көлік бізге не үшін қажет деп ойланамын? Кептеліс туында-

тады, ауаны ластайды, жол көлік апаттарын туындатып, адамдарды қазаға ұшыратады. Керек кезде такси болғандарының өзі жолға қомақты қаржы сұрайды. Оған келісе қоймасаңыз, автобуска отырыңыз деген дөрекі сөздерді айтып жатады. Қарап отырсаңыздар, көлік тізгіндегендердің көпшілігі шіреніп, жаяу жүргіншілерге менмендікпен қарайтынын байқауға болады. Шын мәнісіне келер болсақ, табиғатқа, адамзат баласына еш зияны тимейтіндер жаяу жүргіншілер емес пе? Тіпті, жол апатына қоғамдық көліктердің өзі жеңіл түседі, адамдарға зиянын тигізбейді. Ал жеңіл көлікті тізгіндегендер кем дегенде 3 адамның, екі бағытта қақтығыс болса 8 адамның өмірін жалмап кетеді.

Алматыдағы ауаның ластанғанын көру үшін тауға көтерілу немесе ұшып бара жатқан ұшақтың иллюминаторы арқылы қалаға көз тастау қажет. Таза ауаны ұшақ бортында, жел

көлеңкесі сызығының үстінен көтерілген кезде ғана түгін мен ластанбаған әуе кеңістігінің арасындағы шекарадан көруге болады. Ақпанда Алматының үстіндегі қара түндіктің суреті The Guardian-ның «Тұншыққан планетаның бір күні» мақаласында жарияланды. Материалда журналист Крис Майкл әлемдегі ең лас қалалардың фотосуреттерін іріктеп алған көрінеді. Бақылау қорытындысы бойынша, соңғы онжылдықта Алматы ауасының сапасы «өте жоғары» ластану деңгейінен «жоғары» деңгейіне ауысты. 2015 жылдан бастап Алматыда атмосфераның ластану индексі 10,0-дан 7,0-ге дейін төмендеп келеді. Бұл формальдегид бойынша шекті рұқсат етілген концентрация нормативтерінің (ШРК) өзгеруіне байланысты. Себебі, 2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасында ауа бойынша №168 жана ережелер мен нормалар қолданылған болатын.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



№142 БАҒЫТ СЫЗБАСЫ ӨЗГЕРДІ

Алматы қалалық мобильділік басқармасы мамандарының хабарлауынша, автобустардың қауіпсіз бұрылуын ұйымдастыру үшін 21 қыркүйектен бастап №142 бағыттың қозғалыс сызбасы өзгерді. Енді Момышұлы көшесі бойымен қозғалыс кезінде автобустар Абай даңғылынан оңға қарай метрополитеннің «Б.Момышұлы» станциясына бұрылады, содан кейін Абай даңғылы мен Яссауи көшелерінің қиылысында қайта бұрылады және Момышұлы көшесі бойымен кері бағытта жүреді. Автобус әрі қарай – сызба бойынша жүретін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● КОНФЕРЕНЦИЯ

ЕЛІНЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ЕР

Қазақ ғылымына ерекше үлес қосқан азамат Марат Сужиков ардақталды

Философия, саясаттану және дінтану институтында саналы ғұмырын ұлтаралық қатынастарды зерттеуге арнаған белгілі ғалым, қоғам қайраткері, философия ғылымының докторы, профессор М.М.Сужиковтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Жаңа Қазақстандағы этносаралық өзара әрекеттесудегі мәдениет пен құндылықтар» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жаңа Қазақстанның саяси жүйесін кешенді жаңғыртуды жүзеге асыруды ғылыми тұрғыда талдап, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды тұрақты дамытудың жаңа өлшемдерінің сырын ашып, толыққанды іске асыру бағыттарын қалыптастыру мақсатында ұлтаралық келісім мен бейбітшіліктің, қазақстандық үлгісін анықтау мен қазіргі өзгерген жағдайға сәйкес қазақстандық қоғамдағы этносаралық қатынастарды тұрақты дамытудың жаңа бағыттарын қалыптастыруда отандық ғалымдар қазақ халқының рухани мәдениеті мен құндылықтарының өзіндік ерекшеліктерін басшылыққа алып, ғылыми тұрғыда талдауға назар аударып отыр.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар «Жаңа Қазақстандағы этносаралық өзара әрекеттесудегі мәдениет пен құндылықтар» тақырыбы аясында



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мәдениет пен рухани құндылықтардың ұлтаралық қатынастарды реттеуші сипатын ашып, этносаралық қатынастарды дамытудың мәдениетін қалыптастыру әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім мен бүкіл қазақстандық қоғамның бірлігін нығайтудың жолы екенін талқылады. Өзгерген халықаралық саяси-экономикалық шектеулер (санкциялар), табиғи апаттар мен пандемиядан кейінгі дүниедегі ахуал, білім эмиграциясы, жақсы өмір, т.б. мақсатпен дамушы елдерден, дамыған елдерге қоныс аударулар тасқыны әлемде ұлтаралық қатынастарға себеп болу мүмкіндігінің жоғары екендігін ғалымдар, ЖОО оқытушылары ойлегінен өткізіп, зерделеу негізінде әлемдік

және қазақстандық қоғамның этникааралық қатынастарының даму тенденцияларын көпшіліктің назарына ұсынды.

Еліміздегі қоғамдық ғылымдардың дамуы мен оған елеулі үлес қосқан тұлғаның ерлікке бара-бар ісі сөз болды. Бұл туралы Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Серік Сейдуманов ойын білдірді.

– Біз өз тұлғаларымызды құрметтей білуіміз қажет. Өйткені, өз уақытында ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар бар. Жаңа әрі әділетті Қазақстанды құруда, этносаралық бірлікті сақтаудан артық қасиет көзге көрінбеуі керек. Ол үшін көрнекті адамдардың ісін бүгінгі қоғамның аурасымен

байланыстырып, қабыстырғанымыз абзал, – деді Серік Тұрарұлы.

Қазақ ғылымына ерекше үлес қосқан азаматтың айбынды істері мен жылы естеліктер төңірегінде Саяси зерттеулер орталығының директоры Айдар Әмребаев айтып берді.

– Бұл өте үлкен шара. Марат Сужиковтың 90 жылдығын атап өтудеміз. Ол өзінің саналы ғұмырында Қазақстанның саяси, мәдени құндылығын сақтауда зор қызметтер атқарды. Әсіресе, тұрақтылықты сақтауда осындай тұлғаларымыздың істері көпке үлгі деп ойлаймыз. Ол әзіл сөзді сойып түсетін астармен айтатын. Философия саласында жұмыс істеген ерекше жан, – деді ол.

● АЛМАТЫ СУ



АПАТТЫ ЖАҒДАЙ ЖОЙЫЛДЫ

Талғардағы су тарату желісіндегі апат салдарынан Алматының екі ауданы сусыз қалды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, 21 қыркүйекте «Атырау» ықшамауданы аумағындағы «Талғар» су тарату желісінің 1-тармағында апатты жағдай болып, диаметрі 1400 миллиметр жерасты құбыры зақымдалған. Қазір бұл аймақ толығымен сумен жабдықтау жүйесінен ажыратылған.

Айта кеткен жөн, «Талғар» су тарату желісі диаметрі 1200–1400 миллиметр болатын төрт жіптен тұрады, сонау 60-жылдары пайдалануға берілген және «Талғар» су қа-

былдағышындағы ұңғымалардан өндірілетін суды тасымалдауға арналған. 1-жіп 1967 жылы пайдалануға берілген.

Судың ағып кетуі салдарынан 1 жекеменшік үйдің ауласын су басып қалған, апат болған жердегі суды өзенге бұру жүзеге асырылады.

Апатты жағдайды жою және сумен жабдықтау сызбасын өзгерту үшін 4 арнайы бригада, 1 экскаватор, 2 самосвал, 4 автокөлік жұмылдырылған.


«Алматы Су» МКК мамандарының айтуынша, аталмыш су тарату желісі арқылы Алатау, Жетісу және Түркістан аудандарының тұрғын үй және әкімшілік құрылыстарын сумен жабдықтау, сондай-ақ ЖЭО-1 және

ЖЭО-2 су беру қамтамасыз етіледі. Айта кетейік, «Талғар» су тарату желісі арқылы берілетін судың жылдық көлемі Алматы қаласын сумен жабдықтаудың барлық көлемінің 25–27%-ын құрайды.

Осылайша арнайы қызметтер абоненттерді апатты су таратқыштан басқа су таратқыштарға ауыстыру арқылы сумен жабдықтау сызбасын өзгерту бойынша жұмыстар жүргізді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде суды өшіру аймағы барынша қысқартылды.

Апатты жағдай жойылғанға дейін 21 қыркүйек сағат 8.45-тен бастап Медеу ауданында «Атырау» шағынауданы, 9 екі қабатты үй, 20 ЖТҚ, Атырау қазандығы; Түркістан ауданында «Айша бибі» ықшамауданы, Волочаевская көшесі, 200 ЖТҚ, 5 мекенжайлар бойынша орналасқан ғимараттар мен тұрғын үйлерге су беру тоқтатылды.

ЖЭО-ға және басқа абоненттерге су беру штаттық режимде жүргізіледі.

СӘЛЕМДЕМЕҢІЗДІ
ҰШАҚПЕН ЖЕТКІЗІҢІЗ

Тұтынушыларға заманауи қызмет көрсету үшін сәлемдемелерді жөнелту мен мерекелік сыйлықтарды, хат-хабарларды жеткізуді ұшақ арқылы да жүзеге асыруға болады.

Құралай
ЖУМАДІЛОВА

Air Astana «Есіктен – есікке дейін» MyMAIL пошта жеткізудің жаңа қызметін іске қосып отыр. Қызметтің бұл түрі қазіргі уақытта пилоттық режимде Алматы мен Астана қалалары арасында жүзеге аспақ. Жедел поштаны жеткізу Air Astana компаниялар тобының тікелей рейстерімен қолжетімді.

Тұтынушылар жеткізу туралы өтінішті <https://mymail.airastana.com/> сайтында сәлемдеменің түрі мен салмағы, сондай-ақ жөнелтуші мен алушының мекенжайы көрсетілген онлайн-режимінде жасауға болады. Қызметтің құны жөнелту және келіп жету әуежайларынан мекенжайлардың қашықтығына байланысты есептеледі. Пилоттық жобада тапсырыс нөмірі бойынша сәлемдемені қадағалау функциясы да қарастырылған.

Жеткізуге қабылданатын заттар:

1. Салмағы 5 кг-ға дейінгі жазбаша хат-хабар;
2. Салмағы 5 кг-ға дейінгі және 35x45x15 см-ден аспайтын сәлемдемелер;
3. Құжаттардың түпнұсқасы (соның ішінде төлқұжат, жүргізуші куәлігі және т.б.).

Айта кеткен жөн, әуежайда қауіпті жүк пен жөнелтуге тыйым салынған заттардың бар-жоғын визуалды тексеру үшін жөнелтілмдер жабылмаған түрде қабылданады. Жөнелтуге тыйым салынған заттар тізімі mymail.airastana.com сайтында жарияланған. Тұтынушылар қалауы бойынша келіп жету әуежайынан ғана жеткізуді рәсімдей алады. Анықтама үшін мына телефондарға хабарласуға болады: +7 (727) 270-31-40, +7 (727) 270-30-53.



МӘСЕЛЕ

ЖАСТАРҒА ЖАЙЛЫЛЫҚ ЖАРАСАДЫ

Алматы қаласында отандық БАҚ, жастар саясатын, Президенттік кадрлық резервті, қайырымдылық және волонтерлік қызметті дамытуды ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру жұмыстары дұрыс жолға қойылған. Осыған байланысты бүгінгі таңдағы мегаполис жастарының жай-күйі, хал-ахуалы туралы сөз студі құп көреміз.

Алматы – алып шаһар. Мұнда мүмкіндік көп. Еңбек еткен жандар өз нәпақасын табады. Ал ерінгеннің ерніне ас тимей қалуы мүмкін. Сондықтан тырмысқанның тірлігі зая кетпейтіні айқын.

Еңбек адамы



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ата-бабамыз өз перзентін тірлік қылуға, жатпай-тұрмай кәсіп істеуге үйреткен. Сайын даланың төсінде, ұлан-ғайыр атырапта көшіп-қонып жүру оңай емес. Төрт түліктің жайын ұғынып, төрт мезгілдің қадірін білген. Сол арқылы өздеріне киім-кешек, мінсе көлік, жесе нағыз табиғи ас екендігін сезін-

ген. Осыдан келіп қалайша дала философиясы дамымады деп айта аласыз. Ерлер ұсталық өнерге мойын бұрып, ат баптап, мал жайғау сынды шаруалармен айналысқан. Ал әйел азаматшалар үйдің түтінін түзу ұшуы үшін сүттен құрт-май, ірімшік жасап, түрлі кесте, құрақ көрпе, үйдің жасауы бәрі-бәрін істеген. Осы жұмыстың қыр-сырын көріп, араласып өскен жасөспірім өскенде осы бағытты жалғастырған. Бұл – біздің жолымыз болатын.



Тоғысқан тағдырлар

Әр дәуірдің өз қызығы мен шыжығы болады. Біреу тойып, біреу тоңып секіретіні рас. Қоғамда әрбір жанның өзіндік қолтаңбасы мен миссиясы бар. Ең бастысы, жолдан шатаспаған абзал.

Өлгі ойды жалғайын. Біз жалдамалы пәтерді «хостел» деп атап кеткенбіз. Қазақша тәржімалағанда «жатақхана» деген мағынаны білдіреді. Бізде кілең жастар тұрады. Басым көпшілігі студенттер. Жыл басында оқу орнынан берілетін жатақхана жетпей қиналатындары анық. Сондықтан кейбірі осылай жайлы орын іздейді. Біздіңше оның бірнеше себебі бар.

Олар:

- Жайлы қоныс;
- Қалтаға ыңғайлы;
- Тыныш;
- Өзіңмен өзін.

Осы аталған ойларды біршама тарқатып көрелік. Себебі, әр сөздің өзіндік анықтамасы мен түсіндірмесі болғаны жөн.

Жайлы қоныс. Көп жас мегаполисте үй таппай әбігерге түседі. Сол себепті, жайлы қоныс іздейді. Мүмкін болса, қаланың ішінде, түрлі саябақ, фитнес орталықтар мен университеттердің жанында болғанын қалайды. Мұнысы өте дұрыс. Сондықтан осындай шешімге барады.

Қалтаға ыңғайлы. Өзіміз де қайнаған тірліктің ортасындамыз. Басқаны айтпағанда, өз басымыздағы хал-ахуал өзімізге мәлім. Қалтаға ыңғайлы орынды іздейміз. Мейлінше жеке басымыздың бюджетіне томпақ келмеуін қарастырамыз. Бір тиын болсын, қалтамызға қалса өзімізше бір байып қаламыз. Сол себепті, қалтаны қақпайтын орынға ынтық келеміз.

Тыныш. Жатақханада, әртүрлі пәтерлерде тұрған кісілер тыныштық сөзінің қасиетін жақсы ұғынады. Өйткені, күн ұзаққа ауыр тірлік жасап, кешкісін кептеліспен үйге әзер жеткенде тыныштық мүлгіген сәтті көргіңіз келеді. Көбіне он-

дай болмай қалса, қаныңыз басыңызға шабады. Одан кейін жүйкеңізге салмақ түседі. Ал ондай шу ешкімнің жанына жақпасы ақиқат.

Өзіңмен-өзің. Әсіресе, университет, колледж қабырғасында оқып жүргенде әркіммен бір пәтерде тұрып көресіз. Жақын досты жақынырақ білесіз, танымайтынмен таныса түсесіз. Кей кезде осы аталған адамдар санатымен тіл табыспай да қаласыз. Бірақ амал нешік, әйтеуір бір жылдық оқу жылын тәмамдайсыз. Бұған әртүрлі себеп келтіре аламыз. Жанындағы адамның пәтеракы төлейтін шамасы болмайды. Өзің де сондай жағдайға ұшырайсың. Ендігіде ортақ тамаққа, нанға, шай-қантқа ақша болмай қалады. Осындай жағдаяттардан біршама уақыт өткеннен соң, жалығасыз. Ал хостелде өзіңізбен-өзіңіз өмір сүресіз. Тек жатқан кереуетіңізге төлейсіз. Бөлмедегі басқаларда шаруаңыз болмайды. Жалпы, саяқ әрі бойдақ адамның қонысындай сезіледі. Пәтер алғанша, басқа амалыңыз да жоқ. Бұл тағдырдың бір соқпағы шығар. Әйтпесе, ауылда бәрі жайлы болса, жастар неге қалаға ағылсын. Ел арасында «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» деген сөз бар. Түсінген жанға барлығы айдай анық. Парадокс?!



Біздің жатақхана

Қазір жылдамдық ғасыры. Мұны айтудан жалықпаймыз. Себебі, көзбен көріп, ішінде жүргеннен соң көңілге біраз ойлар түйесіз. Түйген нәрсені хатқа түсіріп, ел-жұртқа әспеттеп жеткізу де өнер.

Мегаполисте тірлік қауырт. Адамдар болса асығыс. Біздің жатақхана да дәл солай. Екі қабатты ескі үй. Бұрын балабақша болған-ау, сірә. Сыртқы келбеті әртүрлі бояумен көмкерілген. Иелері Бішкектен келген кісілер. Әйелі Қарағанды жақтан. Есімі – Анара. Мінезі тік әрі орысша сөйлейді. Бетің бар, жүзің бар демейді, айтып салады. Қалалық менталитетте өскендердің онысы айтпаса да түсінікті. Күйеуі Ұлан ағай өте байсалды,

мінезі жақсы, денесі бұрынғының батырларындай алып. Мені көрген мезетте құшақтап қояды. Бір нәрсені біледі-ау шамасы. Бәлкім, жақын тартатын болар. Олардың өзім қатарлы екі ұлы бар. Қос баласы да шымыр денелі, спортты жанына серік еткен жігіттер. Ең кішісі украин қызына үйленгені 2 жылдан асты. Келіншегі іскер. Қазақшаға судай. Мінезі жақсы. Жалпы, айрандай ұйыған жанұя. Ал олардың жалдамалы пәтерінде біз жүрміз.

Көрген-түйген

Бұрынғылар «жүре берсең, көре бересің» депті. Қайран ата-бабам бәрін біліп айтқан екен ғой. Олардың дана ойларына қайран қаламыз. Айтып кеткен нақылдары өмірден алынғандығын бүгінгі күн мың мәрте дәлелдеп тұр.



Ойды ой қозғайды. Жалдамалы пәтердің жырын бір адамдай көріп келеміз. Арасында көңілге түйіп, хатқа түртіп те аламыз. Қанша оқшауланғанмен қоғамнан бөлек кете алмайды екенсің. Хакім Абай «мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма» депті. Ұлы ақынның XIX ғасырдағы сөздері ХХІ ғасырда да өзектілігін жоймады. Оның бір дәлелі біздің тұрып жатқан жеріміз. Кейде хостел иесі Анарамен жақсы болып қаламыз. Ендігіде шала бүлініп те аламыз. Ол да, мен де мінезден кенде емеспіз. Біздің басқа ыңғайлы барар жеріміз болмаған соң, солай етеміз. Дегенмен, өзімізге баспана алуды күйттеп жүрміз. Бұйырса, ойлағанымыз болып қалар. Соған талпынамыз, аңсаймыз һәм тілейміз!

Жалдамалы жатақханада шамамен 30-ға жуық жас тұрамыз. Арасында жеткізуші қызметінде істейтін жастар да бар. Абырсабыр адам. Түннің бір уақытына дейін келіп-кетіп жатқан бір адам. Онысын түсінеміз. Себебі, күн көру баршасынан маңызды. Құр босқа жатып алсаңыз, аузыңызға ақмайды ешкім ағызбасы анық. Әй, бірақ сөйтіп жүріп, үйінен ақша сұрап, өзі ақылы негізде оқыса да, сабаққа бармай немесе жұмысқа шықпай жата беретіндерді көріп, қайран қаласыз. Зінгіттей жігіттерді ата-анасы жас баладай асырап, оған ай сайын неге ақша сала береді екен. Ол нағыз масылдық қой. Онысының зардабын әр отбасы өзі көрер. Сынап-мінеуден аулақпыз.

Өзің әзер жүргенде, басқа біреудің маза-

ны алғаны жүйкеге қатты тиеді екен. Қанша ыңғайлы, тыныш дегенмен арасында ішкілікке салынғандар, жұрттың миын ашытатындар келіп қалады. Талай жанжалды көрдік. Айқай мен төбелесті бастан өткердік. Өзіміз кісінің тұмсығын бұзбасақ та, арашалаймыз деп жаманатты болып та қалдық. Жалдамалы жатақхана билігі әлгі әйелде. Бішкектен келген тағы бір әкімшіміз бар. Есімі – Талант. Әйел адамның білмейтінін, істей алмайтын үй шаруасын атқарып кете береді. Онымен де бірде көл, бірде шөлміз. Соңғы аталған екі кісінің ым-жымы бір. Әйтеуір өмір сүріп жатырмыз.

Біздің хостел – нағыз қызу тіршіліктің мекені. Жұмыстан шаршап-шалдығып, аяқ-киімін әзер шешіп тұрған жігіттерді көріп, аяныш сезімі оянады. Қайтесіз, басқа амалы болмай далмыз. Кейбірі әр жерде күзетші, жеткізуші, жүк тасушы болып 12–16 сағат жұмыс істейтінін айтады. Біз де магистратурада оқығанда қонақүйде даяшы, супермаркетте күзетші болып істедік. Жатақханаға барып 5-6 сағат көз іліп, таңертең ерте жұмысқа аттанатынбыз. Талай жер ақыны бермей, түрлі сылтау айтып шаршатып жіберетін. Қолдан келер шама болмаған соң, үндемей көндіретінбіз. Осындай тағдырлы әңгімені бірге тұрып жатқан жігіттерден естігенде бұрынғыны ойлап, денен бір түршігіп қалады. Бұрынғы кісілер «ер жігіттің мойнында қыл арқан шірімейді» деп бекер айтпаса керек-ті. Бұл нақылдың қадірін енді түсініп жатырмыз.

Бұл да – өтер!

Ел ішінде «тауықтың түсіне тары кіреді» дейді. Соны ара-арасында «үйсіздің көзіне үй елестейді» деп өзгерткен боламыз. Баспанаға қол жетсе, үйленудің ауылы жақындар еді.

Бұйырса, ол да болар!

P.S. Қолдан келсе, бар шаруаны бір сәтте шалқайтқымыз-ақ келеді. Оны да жасайтын күн алыс емес. Ең бастысы, алған беттен қайтпау керек. Біздің айтып отырғанымыз – тұрмыс қиыншылығының бір бөлімшегі ғана. Денсаулық мықты болса, талай биікті бағындырамыз.

Арманшыл қанатыңыз талмасын!



КРЕАТИВТІ КЕҢІСТІКТЕР ҚҰРЫЛАДЫ

Қалада осы саланы дамыту мәселесі талқыланды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Бәрібаев көшесі, 36-үй» – аланы 1,5 мың шаршы метрден асатын заманауи креативті кеңістік, мұнда өнер мен мәдениет саласындағы жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылады. Жоба 13 тұрақты резидентті, сәулет бюросын, оның ішінде NEET жастарын оқытатын, музыкалық аспаптарда ойнауды үйрететін үйірмелерді және басқаларды біріктіреді.

«36-шы үй» жобасы 2020 жылдың сәуір айында іске қосылды. Қысқа мерзім ішінде жобаны ұйымдастырушылар 100-ге жуық түрлі іс-шара, көрмелер, концерттер, вернисаждар, театр қойылымдарын, фестивальдарды, тәлімгерлік және бизнесті дамыту бағдарламаларын және тағы басқаларын өткізді. Аталған шаралармен жалпы 25 мыңнан астам адам қамтылды.

Кездесу барысында әлеуметтік-мәдени кеңістіктің өкілдері қала басшысына жобаның ауқымын ұлғайтуды, яғни Алматының басқа да аудандарында жаңа креативті кеңістіктер құруды ұсынды. Ерболат До-



саев бұл идеяны қолдады, сондай-ақ жоба резиденттерін перспективалы қалалық жобаларды, қоғамдық кеңістіктерді, оның ішінде оларды тұжырымдама сатысында әзірлеуге қатысуға шақырды, сондай-ақ Алматы қаласы әкімдігінің арнайы бағдар-

ламалары аясында жастарды оқытуға қатысуды ұсынды.

Қазіргі уақытта Алматыда креативті индустрия саласында 27 200 кәсіпорын тіркелген, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 22 020. 2017 жылдан бері ақпа-

раттық жүйелерді жобалау, бағдарламалық қамтамасыз ету, веб-порталдарды әзірлеу, музыка, киноиндустрия, жарнама, маркетинг, білім беру және мәдениет саласындағы креативті қызметтің едәуір өскені байқалады.

Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.



Балалар
жылы
2022

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

ҮШЕМ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Алматы қаласы әкімдігінің атынан бұл отбасыға балалар арбасы, ойыншықтар мен түрлі жиынтықтар сыйға берілді



Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында үшем дүниеге келді. Отбасының қуанышына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова ортақтасты.

«Сіздерді қаланың барлық тұрғынының атынан шын жүректен құттықтаймыз! Бұл шынымен де керемет оқиға. Ана мен балаға зор денсаулық, мол табыс және барлық жақсылықты тілеймін!», – деді қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Шақалақтардың салмағы 1990, 1940 және 2200 грамм. Алматы қаласы әкімдігінің атынан бұл отбасыға балалар арбасы, ойыншықтар мен түрлі жиынтықтар сыйға берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕРЕЖЕ

Биыл еліміздің мектептеріндегі асханаларда тамақ бағасының қымбат екенін айтып ата-аналар наразылығын білдірген болатын. Осыған орай, Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов әлеуметтік желіде арнайы пост жазды.

Мектеп асханалары – бақылауда!

Министр тамақтандыруды ұйымдастыру ережесіне өзгерістер енгізілгенін жазды. «Бұған дейін мектеп асханаларындағы өнімдердің қымбаттығына байланысты проблемалар туралы жазған болатынмын. Буфет өнімдерінің базасы көрші дүкенге қарағанда екі есе қымбат болатын жағдайлар да кездеседі. Біз мамандардың қатысуымен жұмыс тобын құрып, қажетті түзетулерді әзірледік, – деді А.Аймағамбетов.

«Енді қызметтерді жеткізушілермен азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы жаңа шарттар жасалғаннан кейін мектеп асханаларындағы бағалар, оның ішінде буфет өнімдері, сусындар және т.б. қызмет көрсетушілердің қалауы бойынша емес, орташа нарықтық бағаларды ескере отырып белгіленеді. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу порталындағы деректер базасы мен статистика органдарының ақпараты негізге алынады. Осылайша асханаларда бағаның көтерілуіне жол бермейді. Сонымен қатар, енді жеткізушілер тендерді ұйымдастырушының конкурс құжаттамасында көрсеткен ас мәзірі мен бағаларға сәйкес қатаң жұмыс істейді. Бұл тыйым салынған өнімдерді өндіру және өткізу тәуекелдерін жою, сонымен бірге буфет өнімдерінің бағасын белгілеу үшін қажет. Сондай-ақ, ата-аналарды тамақтану туралы хабардар ету немесе оның сапасын бағалай алу үшін білім ресурсына кезең-кезеңімен норма енгізіледі. Ол – пайдаланушыларға қызмет көрсету және қолма-қол ақшасыз төлемдер сапасын бағалауға мүмкіндік беретін тағамдардың, ас мәзірінің, бағалардың фотосуреттерін жариялау нормасы. Сонымен қатар, балабақшаларда, балалар үйлерінде балаларды үздіксіз тамақпен қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардың инфляция деңгейін ескере отырып, азық-түлік бағасының өзгеруі бөлігінде сатып алу туралы шарттарға өзгерістер енгізу мүмкіндігі көзделген», – деп жазылған А.Аймағамбетовтың жазбасында.

Ережелер келесі жылдан бастап қызмет көрсетушілермен жаңа келісім-шарттар жасалғаннан кейін қолданысқа енгізілмек. Ал бүгінде Алматыда мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша пилоттық жоба басталды. Тамақтануды ұйымдастыру процесін оңтайландыруға және жеделдетуге бағытталған пилот қаланың үш мектебінде іске қосылған.

Айнұр СЕМБАЕВА.

ЗАҢ ЖОБАСЫ

Балалар төлқұжаты арзандайды

Елімізде балаларға арналған төлқұжат арзандауы мүмкін. Ұлттық экономика министрлігі 16 жасқа дейінгі балаларға арналған төлқұжат үшін мемлекеттік бажды 8 АЕК-тен 4 АЕК-ке дейін азайту бөлігінде түзетулерді қарастырған заң жобасын әзірледі.

Құжатта Кодекстің 615-бабында 16 жасқа дейінгі балаларға 4 АЕК мөлшерінде паспорт бергені үшін мемлекеттік баж белгілеу бөлігінде түзетулер енгізіл-

ген. Егер түзетулер қабылданса, онда балалар төлқұжаты 12 252 теңге тұрады. Қазіргі таңда азаматтар ересек адам үшін де, тіпті жаңа туған нәрестенің паспортын алу үшін де бірдей, шамамен 25 мыңдай мемлекеттік баж төлейтін. Ұлттық экономика министрлігінде бұл түзетулер ең алдымен балалардың төлқұжат алу кезінде ата-аналардың шығындарын азайтуға бағытталғанын атап өтті.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған заң жобасы Мәжіліске қарауға енгізілді. Ұлттық экономика министрлігі заң жобасы жұмыс тобында талқыланып жатқанын айтты. Өзгеріс қашаннан бастап енгізілетіні белгісіз, 2024 жылдан бастап болуы мүмкін.






АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ТІРКЕУСІЗ ЖҮРМЕҢІЗ

ҚР ПИМ өкілдері тұрғылықты жері бойынша тіркелмегені үшін айыппұл бар екенін мәлімдеді



«Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша ресми тіркеусіз тұру фактілері жиілеп кетті. Заң бойынша әрбір азамат жеке тұрғын үй болсын, жалға берілетін немесе тұрақты тұратын басқа тұрғын үй болсын, өзі тұратын жерде тіркелуі керек. Әйтпесе, тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеуі жоқ адамдарға кейбір мемлекеттік қызметтерді пайдалану кезінде шектеулер қолданылады. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеусіз тұрғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 492-бабында 7 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға дейін жауапкершілік көзделген. Бүгінгі күні ол 21 мыңнан астам теңгені құрайды. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті барлық азаматты заңға бағынуды шақырады. Мемлекет иесі сізді тіркеуден шығарып тастаған жоқ па, үнемі тексеріп отырыңыз. Тіркелген жеріңізді қараңыз. Егер сіз тұрғылықты жеріңізді өзгерткен болсаңыз, онда жаңа тұрғылықты мекенжайға тіркелуіңіз керек. Бұл басқа қаладан келген студенттерге де қатысты. Сіз өзіңіздің оқу орныңызға тіркелуіңіз керек. Мұны мүмкіндігінше тез жасаңыз. Сондықтан қазақстандықтарды тағы да нақты тұрғылықты жері бойынша тіркелуге шақырамыз және көші-қон заңнамасының осы талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз. Толық ақпаратты ПИМ Көші-қон қызметінің сайтынан және Polis.kz сайтынан алуға болады», – деді ҚР ПИМ Көші-қон қызметі комитеті төрағасының м.а. Аслан Аталықов.

КЕРЕК ДЕРЕК

Тіркеуді тексеруді және тіркеуді өте қарапайым тәсілдермен іске асыруға болады:

*Халыққа қызмет көрсету орталығының кез келген бөлімшесіне жеке куәлікпен барып, сол жерде келісім беру үшін тұрғын үй иесінің қатысуы жеткілікті.

*Азамат тұрғылықты жері бойынша «электрондық үкіметтің» eGov.kz интернет-порталы арқылы тіркеуге өтініш бере алады, үйдің иесі де сол портал арқылы келісім бере алады.

*Ішкі істер министрлігі тұрғылықты жері бойынша тіркелудің тағы бір жеңіл әдісін Halyk Bank-пен жүзеге асырды. Ол үшін App Store мен Play Market-тен банктің мобильді қосымшасын жүктеу керек. Жеке басын куәландыруды растау, тіркеу иесінің келісімі sms-пароль арқылы жүргізіледі. Тіркеу шамамен бір минут уақыт алады.

КИНОЛОГИЯ

Қызметтік иттер қылмысты қалай ашады?

Өңірлік баспасөз қызметінің алаңында ҚР ПИМ Кинология орталығының бастығы, полиция полковнигі Нұсқабек Зауланбаев, Арнайы даярлық бөлімшесінің аға жедел уәкілі, полиция капитаны Руслан Канафин, Асыл тұқымды иттер питомнигі бастығының міндетін атқарушы, полиция аға лейтенанты Асхат Алнұрдың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Қазақстан Республикасы полициясының кинология қызметі – қылмысқа қарсы күресте және қоғамдық тәртіпті қорғауда қолданылатын құралдардың бірі ретінде арнайы дайындалған қызметтік иттерді пайдалануды ұйымдастыруға арналған арнайы бөлімше. Бөлім кинолог-мамандарын даярлауды және оларға бекітілген қызметтік иттерді оқытуды қамтамасыз етеді және жедел-ізвестіру шараларына қатысады.

Полиция департаменттерінің, Ұлттық ұланның, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қызметкерлерін кәсіби оқыту бағдарламаларын жүзеге асырып, бұл орталыққа еліміздің барлық өңірінен мамандар келіп, иттерімен бірге тәжірибе жинақтап, біліктіліктерін арттырады.

Полиция бөлімшелерінде қызметте қолданылатын тұқымдардың (бельгиялық, неміс овчаркалары, шығыс еуропалық овчарка иттері) еңбек қасиеттерін жақсарту, оларды мақсатты түрде кәсіби іріктеу арқылы, кейіннен кинологиялық бөлімшелерді қызметтік иттермен қамтамасыз ету бойынша асылдан-дыру жұмыстары жүргізіледі.



Иттердің қатысуымен республика бойынша 4292 қылмыс ашылды

Жыл сайын өңірлерге 50-ден астам қызметтік иттер беріледі, олардың көмегімен қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті қорғау жүзеге асырылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы ПИМ Кинологиялық орталығында 150-ден астам кинолог-маман-

дар және 150 қызметтік иттер оқу курсынан өтеді.

«Биыл 8 айда қызметтік-ізвестіру иттерінің қатысуымен республика бойынша 4292 қылмыс ашылды, оның ішінде есірткі қылмыстары – 618, заңсыз айналымнан 355 кг. есірткі заттары, оның ішінде 6 кг. 130 грамм синтетикалық заттар тәркіленді. Тамыз айында Алматы облысында санкцияланған тінту барысында «Қарасораның» жедел алдын алу іс-шарасы аясында сарапшының қорытындысына сәйкес 290 грамм героин тәркіленді», – деді ҚР ПИМ Кинология орталығының басшысы, полиция полковнигі Нұсқабек Зауланбаев.

Аталмыш орталық құрылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін орталық қызметкерлері әртүрлі деңгейдегі кинологиялық орталық қызметкерлерін, сонымен қатар, арнайы даярлықтан өткен мамандарды даярлауда көптеген жұмыс атқарды. Есірткі заттарын, жарылғыш заттарды, қаруды, оқ-дәрілерді, адамдарды иіс ізі бойынша іздеуге және анықтауға арналған қызметтік иттерді дайындады. Орталықта қызметтік иттерді оқыту үшін материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базасы жақсартылып жатыр.

Жергілікті жерлердегі кинологиялық қызмет қызметкерлеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Кинология орталығы мамандары қызметтік іссапарларды жүзеге асырады, жедел-ізвестіру және профилактикалық іс-шараларға қатысады, олар қылмысқа қарсы күресте қызметтік тапсырмаларды орындауда және қауіпсіздік қызметінің қоғамдық тәртіпті күнделікті орындауында мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

ҚЫЛМЫС



Күдікті тергеуде

29 жастағы алматылық интернеттен «синтетиканы» жасауды үйреніп, үйін есірткі зертханасына айналдырған.

Мәселе Медеу ауданындағы бау-бақша серіктестіктерінің бірінің тұрғыны жайында болып отыр. Ол синтетикалық есірткіні заңсыз сақтады, зертханалық жолмен өндірі және таратты деген күдікпен ұсталды.

«Оның үйінен ішінде ақшыл түсті ұнтақ заты бар целлофан пакеттері, ерекше иісі бар, құмыраға өсірілген жасыл өсімдіктің бұталары, сұйықтықтары бар ыдыстар, ұнтақты заттың қабаттарының температурасын өлшейтін пирометр, арнайы комбинезон табылды. Сондай-ақ, үй аумағынан ағаш конструкция-синтетикалық есірткі жасауға арналған тақтай, шикізатты араластыруға арналған темір араластырғыштары бар электрлі бұрғылар және т.б. табылып, тәркіленді. А. есімді координаттарды айтуына, оның бұл кәсіпке келгеніне көп болған жоқ. Интернет қосымша арқылы оған «мефедрон» психотроптық затын жасаудың ингредиенттері мен нұсқаулары бар сынама алғыштан бастау ұсынылған, оған оны жасағаны үшін сыйақы уәде етілген. Қаскөй келіскен соң «жұмыс берушілер» оған қажетті шикізатты алу үшін координаттарды жіберген», – деді Алматы қалалық полиция департаменті басшысының орынбасары, полиция полковнигі Дидар Аханов.

Тәркіленген заттарға сот-химиялық сараптама тағайындалды.

Күдікті тергеуде. Қылмыстық іс ҚР ҚК-нің 296-бабы бойынша тіркелді.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



СӘТТІЛІК!

2016 жылы Рио де Жанейрода өткен Олимпиадада 200 метр қашықтыққа брасспен жүзуден Олимпиада чемпионы атанған Дмитрий Баландин кәсіби мансабын аяқтау жөнінде шешім қабылдаған. Бұл туралы Спорт және дене шынықтыру істері комитеті хабарлады. Комитет ақпаратында Дмитрий Баландин спорттағы карьерасын аяқтап, бапкерлікке бет бұрғаны айтылған.

БАЛАНДИН
БАПКЕРЛІККЕ КӨШТІ

Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин спорттағы мансабын аяқтады



Айта кеткен жөн, Дмитрий Баландин Алматы қаласының тумасы. Ол 1995 жылы оңтүстік астанамызда дүниеге келіп, 2003 жылы жүзу спортымен айналыса бастаған. 2008–2012 жылдары Алматы қаласының спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында жаттыққан.

Дмитрий – жүзуден Олимпиада алтынын жеңіп алған Қазақстанның тұңғыш өкілі және Кореяның Инчхон қаласында өткен 2014 жылғы Азия-

даның үш дүркін чемпионы және Кванджу қаласында болған 2015 жылғы универсиада жеңімпазы. Сонымен қатар, 50, 100 және 200 метр қашықтықта Қазақстан рекордмені, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері (2016).

Осы жылдың қыркүйегінде қазақстандық спортшы үйленген болатын. Біз Қазақстан туын әлем алдында көтерген спортшымызға алдағы өмірі мен жаңа бастамаларында тек сәттілік тілейміз!

БӘЙГЕ

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»
республикалық бәйге-марафоны
басталды

«Ұлы дала жорығы» республикалық бәйге-марафоны елордадағы «Қазанат» ипподромынан басталды. Іс-шараның ашылуына Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, сондай-ақ қоғам қайраткерлері қатысты.

Марафонның ашылу салтанатында Мәжіліс спикері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың марафон-бәйге қатысушыларына жіберген құттықтау хатын оқып берді. Президент доданың елімізге рухани серпіліс беретін, жастарды отаншылдыққа баулитын бірегей жоба екенін атап өтті.

«Сіздерді «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің басталуымен құттықтаймын! Ұлттық спортты дамытуға және дәстүрімізді дәріптеуге арналған аламан жарыс елімізде тұңғыш рет өткізіліп отыр. Біз қазіргі заманның жақсы қасиеттерін бойға сіңіре отырып, ұлттық болмысымызды жаңғыртуға тиіспіз. Бүгінгі бәйгенің басты мақсаты –

осы», – деп көрсеткен Мемлекет басшысы. Марафонға қатысушылар Қаражар ауылынан жорыққа аттанып, алғашқы 100 шақырым мені Қорғалжын ауылында аяқтады. Алғашқы күн қорытындысы бойынша, мәреге 17 команда келіп жеткен. Шабандоздар Ұлытауға жеткен соң екінші ат ауысып мінуі тиіс. Ветеринарлық бақылаудан өтіп, ат ауыспас үшін арнайы чип орнатылады.

Айта кеткен жөн, жарыс қатысушылары күн сайын 100 шақырымнан асып, 12 күнде 1200 шақырым жол жүреді. Марафонға еліміздің әр өңірінен бір команда қатысады. Жеңімпаз 30 млн теңге, 2-орын – 20 млн теңге, 3-орын – 15 млн теңге алады.

ТЕННИС

ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛДІ
Паралимпиадалық теннистен алғашқы Қазақстан
чемпионатының жеңімпаздары анықталды

Қазақстандықтар 2023 жылдың ақпан айында келесі Әлем чемпионатында өнер көрсету құқығы үшін ойнайтын болады. Жеребе қараша айының соңында өтеді.

Алматыда паралимпиадалық теннистен Қазақстан Республикасының алғашқы чемпионаты өтті. Біріншілікке Ақтөбе, Ақтау, Орал, Қарағанды, Астана және Алматы қалаларынан 40-тан астам спортшы қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатында Қазақстан теннис федерациясының атқарушы директоры Дэйв Майлиге Ұлттық паралимпиада комитетінен ҚТФ-ны жазғы паралимпиадалық спорт түрі – «арбадағы теннис» бойынша спорт федерациясы деп танығаны туралы сертификат табысталды.

Чемпионат 4 жас санатында өтті. 16 жастан жоғары жас санатында ақтөбелік Дастан Ниязов үздік болды. Ал осы жас санатындағы қыздар арасында қарағандылық Айшуақ Жетпейісова топ жар-

ды. 14-15 жастағы ұлдар ішінде Мадияр Байкерев (Ақтөбе) алтын тақса, 7-8 жастағы балалар арасында алматылық Иван Соловьев жеңіс тұғырына көтерілді. Сондай-ақ, жеке номинациялар бойынша «Үздік техника үшін» Дінмұхамед Әлиакбаров, «Жеңіске деген жігері үшін» Альбина Бекжанова (Орал) және Евгений Еделев (Ақтөбе) марапатталды.

Елімізде теннис жаңа деңгейде дамып жатса, әлемдік аренада жеңіске жетіп жатқан теннисшілеріміз жоқ емес. Жібек Құламбаева жұптық сында Италияда өткен ITF W25 турнирінің жеңімпазы атанды. 22 жастағы спортшымыз латвиялық Дарья Семенистаямен бірге финалда қытайлық Джинг Лю мен босниялық Анита Вагнер жұбын 6:2, 6:2 есебімен тізе бүктірді.

Кездесу бір сағаттан астам уақытқа созылды.

Осылайша Жібек биылғы маусымда ITF жарыстарында бесінші титулына қол жеткізді. Ол спорттық жолында жұптық сында барлығы 19 рет үздік шықты. Оған қоса, жекелей сында екі мәрте чемпион атанды.

Ал Қазақстанның бірінші, әлемнің 25-ракеткасы Елена Рыбакина Порторож (Словения) WTA 250 турнирінің финалисі болды. Жарыстың үшінші ракеткасы болып тіркелген қазақстандық теннисші финалда дүниежүзілік рейтингіде 82-орында тұрған чехиялық Катержина Синяковамен бас жүлде үшін таласты. Бірінші партияда Рыбакина жеңіске жеткенімен, келесі екі сетте есе жіберді. Бұған дейін теннисшіміз сегіз рет WTA додаларының финалына шығып, соның екеуінде үздік шыққан еді.

Сонымен қатар, Дэвис Кубогына қорытынды жасап өтейік. Глазгода «D» тобында командалық Әлем чемпионаты аяқталды. Жарыстың соңғы күні қазақстандықтар Ұлыбритания құрамасымен бәсекеге түсті. Бірінші матчта Дмитрий Попко әлемдік теннистің аңыз, екі дүркін Олимпиада чемпионы Энди Маррейден жеңіліп қалды. Содан кейін Александр Бублик әлемнің 8-ракеткасы, британдық команда көшбасшы Кэмерон Норриді сенімді түрде жеңді. Соңғы жұптық ойында Александр Недовесов/Александр Бублик жұптық сында әлемдік рейтингтің көшбасшылары – Джо Солсбери/Нил Скупскиймен тектіресті. Кездесу өте тартысты өткенімен, 6:7, 7:6, 6:7 есебімен британиялықтардың пайдасына шешілді. «D» тобынан келесі кезеңге Нидерланд және АҚШ құрамалары шықты.

ГИННЕСС РЕКОРДТАР КІТАБЫ

КҮШ АТАСЫН
ТАНЫМАС

Маңғыстау облысы стрит-воркаут және стрит лифтинг федерациясының президенті, 7 дүркін әлем чемпионы Ильдар Ягьяев жаңа әлемдік рекорд орнатып, Гиннестің рекордтар кітабына кірді.



Спортшы беліне қосымша 40 фунт (18 келі) жүк байлап, 10 рет тартылған. Ильдар Ягьяевтың айтуынша, нәтижені тіркеуге арналған өтінішті осыдан жеті ай бұрын жіберген. «Өтінімді қарау кейде жарты жылға созылады. Мен өзімнің нәтиже туралы бейнежаз-

баны Гиннестің рекордтар сайтына жібердім. Нәтижені бекітуге үш ай қажет болды. Кейін менің рекордым тіркелді. Рекордшылар тізімін толықтырғаным жөніндегі сертификат Лондоннан келді. Ол бір айға жуық уақыт алды. Осылайша оны кеше алдым», – деді спортшы.

Спортшы жастардың ғана емес, шенеуніктердің де назарын стрит-воркаут және стритлифтингке аударғысы келетінін айтты.

«Стрит-воркаут пен стритлифтингтің Қазақстанда ресми түрде спорт түрі деп танылғанын қалаймын», – деді Ильдар Ягьяев.

БЕССАЙЫС

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

Алматы облысында орналасқан «Ақбұлақ» олимпиадаға даярлық орталығында бессайыстан Азия чемпионаты өтіп жатыр.

Бессайыс ережесі бойынша спортшылар семсерлесу, еркін әдіспен 200 метрге суда жүзу, атпен кедергілер арқылы өту, нысана көздеу және 800 метрге жүгіру жарыстары бойынша сынға түседі.

Алғашқы жарыс нәтижелері бойынша Қазақстан командасы эстафетада екі медаль және аралас



эстафетада алтын жүлде жеңіп алды.

Ерлер арасындағы жарыста біздің спортшылар тұғырдың екінші сатысына көтерілді. Әйелдер құрамы үшінші болды. Ал әзірге жарыстың басты жүлдесін Елена Потапенко мен Владислав Сухарев екеңді.

Қазіргі нәтиже бойынша Қазақстан ерлер құрамасы командалық есепте Қытай (4511 ұпай) мен Оңтүстік Кореядан кейін (4451 ұпай) 3-орынға жайғасты. Олар 4276 ұпай жинаған. Сонымен қатар, 5 спорт түрінен 3803 ұпайға ие болған әйелдер құрамасы да Оңтүстік Корея мен Қытай командаларынан кейін үшінші тұр.

Азия чемпионаты 26 қыркүйекте аяқталады.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, сүт безі қатерлі ісігі – дүние жүзінде әйелдер өлімінің басты себептерінің бірі.

ДИАГНОСТИКА

қатерлі ісікпен күресудің ең тиімді әдісі



Гүлжанат СЕМБАЕВА

1993 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) Дүниежүзілік сүт безі қатерлі ісігіне қарсы күрес күнін белгіледі, ол жыл сайын 15 қазанда өтеді.

– Жыл сайын әлемде сүт безі қатерлі ісігіне байланысты 2 300 000 жайт анықталған.

– Өлім-жітім – 685 000 жағдай.

– Ауру қарқынды дамып келеді: көбінесе ол 40 жасқа дейінгі адамдарда кездеседі.

– Әр 8-әйелдің бірі өмірінде сүт безі қатерлі ісігіне шалдығу қаупі бар.

Алматы қаласында 6635 әйел сүт безі қатерлі ісік диагнозымен есепте тұр.

Статистикаға сәйкес, қалада жыл сайын 700-ге жуық сүт безі қатерлі ісігімен ауыратын әйелдер анықталады, яғни бұл патологиямен қалада күнделікті 2 әйел ауырады.

2021 жылы Алматы қаласында сүт безі қатерлі ісігінен 192 әйел

қайтыс болды, оның 50 пайызы – еңбекке қабілетті жастағылар.

Сүт безі қатерлі ісігінің қауіп факторлары: тұқым қуалаушылық (анасында, апаларында аурудың болуы), жаман әдеттер (алкогольді қабылдау, темекі шегу), гормоналды теңгерімсіздік (емшек емізуден бас тарту, эндокриндік аурулар, гормоналды контрацептивтерді бақылаусыз қолдану) және т.б.

Қатерлі ісіктерді ерте анықтауда маңызды рөл атқарады:

– сүт безін үнемі өзін-өзі тексеру;

– емханада маммологтың жыл сайынғы профилактикалық тексеруі;

– 40 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер үшін 2 жылда бір рет маммографиядан өту;

Дүниежүзілік сүт безі қатерлі ісігіне қарсы күрес күні аясында Алматы онкология орталығында 2022 жылдың 1 қазанынан бастап әр сенбі сайын (1, 8, 15, 22, 29) сүт безі қатерлі ісігін ерте анықтау бойынша Ашық есік күндерін өткізеді.

ЖОБА

ҮЗДІК ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ТӨЛЕМ АУДАРЫЛАДЫ

Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігі бойынша міндетті сақтандыру жүйесі енгізіледі. Бұл туралы Мәжілісте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын таныстыру кезінде ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният айтты.

Оның айтуынша, медицина қызметкерлерінің практикалық қызметі қоғамның игілігі үшін үнемі қауіп-қатермен байланысты мамандықтарға жатады. Яғни күрделі әрі жауапты мамандық. Алайда, бұл ауыр еңбек қоғамда тиісті деңгейде бағаланбай отыр. Сондықтан пациенттерге қатысты келтірілген зиянды өтеу құқықтарын іске асыру үшін медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігі бойынша міндетті сақтандыру жүйесін кезең-кезеңмен енгізу жоспарланып отыр.

«Бұл реформа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді және

жалпы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласының халықаралық аренадағы жақсы рейтингіне ықпал етеді. Қазір «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 270-бабында медициналық көмек көрсету кезінде пациенттің өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілген жағдайда медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру құқығы заңнамалық түрде бекітілген. Ондай норма бар, ал заң жобасы осы қадамдарды іске асыру жолдарын бекітеді», – деді А.Ғиният.

Осы орайда, ведомство басшысы заң жобасы медицина қызмет-

керлерінің мәртебесін арттыруға, науқастардың құқығын қорғауға және медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталып отырғанын айтты.

Елімізде дәрігерлерге арналған мемлекеттік және ведомстволық наградалар қарастырылып отыр. Бұл туралы да Мәжілісте А.Ғиният айтты.

Оның айтуынша, заң жобасы аясында «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері» бағыты бойынша жылына 3 атақ беріледі. Бұл тұрғыда 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлем ұсынылып отыр. Сондай-ақ, саладағы үздік маман атты республикалық конкурстың 17 жеңімпазына 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төлем аударылады.

«Жыл сайын Медицина қызметкерлерінің күнінде елімізде ең үздік дәрігерлер анықталады. «Үздік ауыл дәрігері», «Үздік жалпы практикадағы дәрігер», «Үздік хирург» және басқа да мамандарды анықтап келдік. Енді заң жүзінде үздік дәрігерлердің марапаты белгіленіп, оларға айлық есептік көрсеткіш арқылы сыйақы беріледі», – деді министр.

СӘТТІ ОТА

Алматылық дәрігерлер бір мезгілде бірден екі ота жасап, күрделі инсультпен түскен тағы бір науқасты өлімнен аман алып қалды. Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының дәрігерлері оған «субарахноидальды қан кету түріндегі алдыңғы байланыс артериясының қапшық аневризмасы жарылған ми қан айналымының жігі бұзылысы» деген диагноз қойған болатын.

Алпыс жастағы алматылық азамат аурухананың инсульт бөліміне шұғыл түрде жеткізілген. Субарахноидальды қан кету кезінде бас қатты ауырып, адам ес-түсін жоғалтады. Мұндай жағдайда көбінесе қан тамырларының құрысуы қайталану береді. Ал бұл өз кезегінде ми ишемиясын, менингизм және гидроцефалияны тудырады. Диагноз КТ немесе МРТ нәтижелеріне қарап қойылады.

Жағдайы тұрақталғаннан кейін науқас нейрохирургия бөлімшесіне ауыстырылды. Мұнда науқасқа арезорбтивтік гидроцефалия диагнозы қойылған. Бұл субарахноидальды кеңістікте сіңіру жеткіліксіз болудың салдарынан орын алады. Нейрохирург-мамандар науқасқа бір мезгілде екі ота жасау керек деген шешім қабылдаған. Әуелі жалпы



интубациялық наркозбен алдыңғы байланыс артериясының қапшық аневризмасын эмболизациялау отасы жасалды. Ол аяқталғаннан кейін бірден орташа қысымды шунтпен вентрикулоперитонеальді шунттау отасы жүзеге асырылған.

Бұл ота гидроцефалия пайда болған бассүйек қуысынан сұйықтықтың ағыуы үшін айналма жолды құруға бағытталады. Мұндай ота кезінде пайдаланылатын шунт жүйелері «өткізу қабілетіне» байланысты негізгі үш түрге бөлінеді. Науқас үшін оңтайлы қысымды таңдау қашанда қажетті терапиялық әсерге қол жеткізудің негізі

болып табылады, өйткені жүйені дұрыс таңдамау ми жұлыны сұйықтығының жеткіліксіз немесе керісінше шамадан тыс ағуына әкелуі мүмкін.

Бір мезгілдегі күрделі екі отаны да нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Константин Ли, Нейрохирургия кафедрасының ассистенті Евгений Жуков, нейрохирург Максим Аргумбаев бастаған топ жасады. Анестезиолог – Ринат Қасенов, оталық медбике – Эльмира Аюпова.

Қазіргі уақытта науқас бөлімшеде оңалтудың бастапқы кезеңінен өтіп жатыр.

ОЙ-ТҮРТКІ

КӨЗ ЖАСЫН САҚТАУҒА БОЛМАЙДЫ

стресс гормондарының асып кетуі ауруға әкеледі

Адам баласы бұл дүниеге, яғни ана құрсағынан жарық әлемге шыр етіп жылап келеді. Сосын қарниның ашқанын, ұйқысының келгенін, тоңып немесе ыстықтағанын жылап білдіреді. Тіпті, бөбек «мені қолыма көтер» дегенді де жылап білдіреді, көтерсең, қоя қояды. Сөйтіп, күн санап өсе береміз, жымынып, күлуді де үйренеміз. Ал есейе келе қалауымызды, тілектерімізді білдірудің басқа тәсілдері шығады. Яғни көз жасын көрсетуге ұялатын жағдайға жетеміз. Тіпті, өзімізді өзгенің алдында әлсіз етіп көрсеткіміз келмейді.



Ал Ұлыбритания мен АҚШ ғалымдары ұзақ жылғы зерттеулерінен кейін жылаудың денсаулыққа аса пайдалы екенін әлдеқашан дәлелдеп қойған. Жылау дегенде есіме түсіп отырғаны. Тұңғыш баламды көтергенімде, жүкті аналарға арналған лекциялардың біреуін де жібермейтінмін. Сәбиді қалай құндақтау керек, қалай тамақтандырамыз, қалай шомылдырамыз, емізік берген дұрыс па, бұрыс па деген сауалдың бәріне маман-дәрігер жауап беретін. Зейнетке шыққан үлкен кісі болатын дәріскеріміз.

– Бала жылап жатса, қазіргі жас ата-аналар дереу жүгіріп барып, қолдарына ала қояды. Тіпті, сәбидің

көзінен жас шығып та үлгермейді. Сосын күні бойы көтеріп жүреді де, бала қолдан түспейтін болып алады. Ол дұрыс емес. Баланың жылағаны пайдалы. Көбірек жылаған баланың өкпесі, тынысы ашылады, – дегені де есімде қалыпты. Жаны бар сөз сияқты. Әрине, бұл жылатып қойып қарап отыру дегенді білдірмесе керек.

Зерттеушілер жылаған адамның күйзелістен арылатынын анықтаған. Ланкастер және Миннесота университеттерінің мамандары жүргізген зерттеуге мыңдаған адам қатысқан көрінеді. Солардың 90 пайызға жуығының жылап алған соң көңіл күйі көтерілген әрі денсау-

«Батыр», «Жер-Ана» ауылдарында 10 мыңдай тұрғын бар. Қалаға, көрші ауылға қатынап жұмыс істейтіндер көп. Ауылда мектеп жоқ. Балаларымыз Бәйтерек ауылындағы мектепке барып оқиды. Мектеп жасындағы балалардың көптігі сонша, 2021-2022 оқу жылында балалар 3 ауысымда оқып шықты. Бәйтеректегі мектепке оқушыларды таситын арнайы автобус бар. Бірақ балалардың бәрі сыймайды. Таксимен, кейде жаяу барып оқиды. Аялдамалар бар, бірақ автобус жоқ.

«Ащыбұлақ» тұрғындары бірігіп, облыс әкімдігіне осы мәселемен жүгінгенбіз. Әкімдіктегілер «қаладан 50 шақырымға дейін автобус мәселесін қала әкімдігі шешеді» деп жауап берді. Оқу басталды. Балаларымыз мектептен қашан келеді деп алаңдап отырамыз. Жұмысқа кешікпеу үшін кейде таксимен қатынаймыз. Күнде таксимен жүруді қалта көтермейді. Қала әкімдігі осы өтінішімізді ескеріп, автобус мәселесін шешіп берсе дейміз», – деді хатында оқырман.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Мопедтердің дауысы ұйықтатпайды

«Алматының қарбалас тірлігі кез келген адамды шаршатады. Бұл біздің қалаға ғана тән құбылыс емес, жалпы, өмірдің заңдылығы ғой. Әдетте, таңертең жұмысқа, кешкісін үйіне асыққан адам бақытты деп жатамыз. Ол рас. Бірақ үйіне келген соң жайлы ұйықтап, тыныққан одан да жақсы ма деймін. Кейінгі уақытта түнгі ұйқымыз бұзылып, мазасыз күй кешудеміз. Сайранның маңайында түннің бір уағына дейін оншақты мотоцикл мінген жастар жарыс ұйымдастыруды тоқтатар емес. Дарылдаған көліктің дауысы басымыз ауыра бастады. Бұған қандай да бір шектеу бола ма? Осы мәселені қолға алыңыздаршы» деп өтініш білдірді редакциямызға хабарласқан Қарлығаш есімді оқырманымыз.

Мопедтердің түнгі жарысы жайында әлеуметтік желіде де көп жазылып жүр. Мәселен, Эльмира Казиева есімді желі қолданушы Алтынсарин көшесінде де түннің бір уағына дейін мопедтер жүйткітінін айтады. «Халық үнін еститін мемлекет» дегеніміз осы ма, түкіргендерге айыппұл салғанша, түнгі ұйқымызды ұрлап, денсаулығымызға зиян келтіретін осындай жүгенсіздерге тосқауыл қоймай ма?» деп өкпесін жазыпты. «Екі күннің бірінде мопедтердің қатысуымен апат болып жататыны барлығыңызға



белгілі. Неге жол полициясының мамандары бұл мәселеге жүрдім-бардым қарайды? Айыппұл салу керек» дейді Рауан Иманғалиев есімді белсенді желі қолданушымыз.

Әуезов ауданы әкімдігінің қызметкерлері тұрғындардың өтінішіне жауап беруді көпке созбады. Бірден есепке алып, аудандық Полиция бөліміне жібергендерін айтып, жазба қалдырды. Демек, жақын күндері Алматы көшелерінде сілтідей тыныштық орнап, аталмыш мәселеге нүкте қойылады. Ұйқымыз тыныш болсын!

Жарық болмай тұр

Алматылықтар үшін түнгі жарықтың ролі зор. Бірі түнгі ауысымнан жұмыстан шықса, енді бірі кешке жұмысқа барады. Оның үстіне, қала аумағында қалтарыс-бұрылыстары бар көшелер де көп. Мәселен, Жұбанов көшесі мен Алтынсарин және Өтеген батыр көшелерінде екі күннен бері жарық жоқ. Тұрғындар әуірімдеп көліктің жарығымен күн кешіп жүр. Жергілікті қала тұрғындары атынан әлеуметтік желіде

өтініш білдірген Рауан Иманғалиевке «Алматы Қала Жарық» мекемесі былай деп жауап берді.

«Алматы Қала Жарық» МКК Сіздің өтінішіңіз №1887 болып қабылданғанын хабарлайды. Сыртқы жарықтандыру бойынша барлық ақауларды тексереміз және қалыпқа келтіруге тырысамыз. Тексеру мерзімі 21 қыркүйекке дейін жалғасады. Сәл сабыр сақтап, күтулеріңізді сұраймыз».



МЕДЕУ АУДАНЫ

Ақауды тезірек жөндеу керек



«Маметова көшесі мен Назарбаев даңғылының қиылысына жақын жолдың үстіндегі құбырда (люк) үңірейген тесік пайда болыпты. Ақауды шұғыл жөндеуді қолға алмаса болмас. Әйтпесе, кез келген көліктің дөңгелегіне зиян келеді» деп әлеуметтік желіде жазба қалдырған белсенді желі қолданушымыз Р.Иманғалиевке Медеу ауданы әкімдігінің қызметкерлері бұл жұмыстың Қалалық мобильділік басқармасына қарайтынын айтып жауап қайтарыпты. Байқайсыз ба, қандай мекеме болсын, аудан әкімдіктері болсын, өздеріне қатысты жұмыс болмаса сол мезетте-ақ жауап беруге дайын тұрады. Ал қажет кезде олардан жауап алу өте қиын. Соның бір айғағы, міне, Қалалық мобильділік басқармасы тұрғынның өтінішіне жауап беруге әлі асығар емес.

P.S.

Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 телефонына хабарласуыңызға болады.

Бетті әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Айжан БҮРКІТБАЕВА.



Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №02 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 қыркүйекте №29660 болып тіркелді.

Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШІМ:

- Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің «Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1538 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасындағы № 38, 39, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 50, 51, 60, 67, 103, 106, 108, 109, 114, 120 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің қосымшасына сәйкес өзгертілсін.
- «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіпте:
 - осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - осы шешімді Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
- Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.
- Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алмалы ауданының әкімі **Е.СЕЙТЕНОВ**

«КЕЛІСУДІ»

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Ж.Асанова

Шешімге қосымша

№38 сайлау учаскесі

Шекаралары: Варламов көшесінен Абай даңғылымен батысқа карай солтүстік жағы Сайран өзенінің шығыс жағалауына дейін; Сайран өзенінің шығыс жағалауымен солтүстікке карай шығыс жағы Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесімен шығысқа карай оңтүстік жағы Волховская көшесіне дейін; Волховская көшесімен оңтүстікке карай батыс жағы Карасай батыр көшесіне дейін; Карасай батыр көшесімен батысқа карай солтүстік жағы Варламов көшесіне дейін; Варламов көшесімен оңтүстікке карай батыс жағы Абай даңғылына дейін.

№39 сайлау учаскесі

Шекаралары: Түркебаев көшесінен Абай даңғылымен батысқа карай солтүстік жағы Варламов көшесіне дейін; Варламов көшесімен солтүстікке карай шығыс жағы Құлымбетов көшесіне дейін; Ұзақбай Құлымбетов көшесімен шығысқа карай оңтүстік жағы Прокофьев көшесіне дейін; Прокофьев көшесімен оңтүстікке карай батыс жағы Прокофьев көшесіндегі №148 үйді қоса Есенжанов көшесіне дейін; Есенжанов көшесімен шығысқа карай оңтүстік жағы Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесімен оңтүстікке карай батыс жағы Абай даңғылына дейін.

№41 сайлау учаскесі

Шекаралары: Тұрғыт Озал көшесінен Ұзақбай Құлымбетов көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Прокофьев көшесіне дейін; Прокофьев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Түркебаев көшесіне дейін, Түркебаев көшесінің жұп санды жағымен оңтүстік бағытта Түркебаев түйік көшесіне дейін, Түркебаев түйік көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін.

№42 сайлау учаскесі

Шекаралары: Нұргиса Тілендиев көшесінен Төле би көшесімен батысқа карай солтүстік жағы Үлкен Алматы өзенінің шығыс жағалауына дейін; Үлкен Алматы өзенінің шығыс жағалауымен солтүстікке карай шығыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесімен шығысқа карай оңтүстік жағы Караөткел көшесіндегі №163 үйдің шығыс шекарасына дейін; Караөткел көшесіндегі №163 үйдің шығыс шекарасы-

мен оңтүстікке карай батыс жағы Караөткел көшесіндегі №201 үй аумағының шекарасына дейін; Караөткел көшесіндегі №201 үй аумағының шекарасынан Караөткел көшесімен шығысқа карай оңтүстік жағы Төле би көшесіндегі №273А үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Төле би көшесіндегі №273А үй аумағының солтүстік шекарасы бойымен шығысқа карай оңтүстік жағы Лихачев көшесіне дейін; одан әрі Тастак-2 ықшам ауданындағы №22,№30,№29,№27,№26 үйлер аумағының шығыс шекарасы бойымен солтүстікке карай шығыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесімен шығысқа карай оңтүстік жағы Нұргиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұргиса Тілендиев көшесімен оңтүстікке карай батыс жағы Төле би көшесіне дейін.

№43 сайлау учаскесі

Шекаралары: Прокофьев көшесінен Ұзақбай Құлымбетов көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Варламов көшесіне дейін; Варламов көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Карасай батыр көшесіне дейін; Карасай батыр көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Волховская көшесіне дейін; Волховская көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Нұргиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұргиса Тілендиев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Прокофьев көшесіне дейін; Прокофьев көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін.

№44 сайлау учаскесі

Шекаралары: Нұргиса Тілендиев көшесінен Дүйсенов көшесімен батысқа карай солтүстік жағы Даргомыжский көшесіне дейін; Даргомыжский көшесінің тұсындағы Тастак-2 ықшам ауданындағы №26,№27,№29,№30,№22 үйлер аумағының шығыс шекарасымен оңтүстікке карай батыс жағы Лихачев көшесіне дейін; Лихачев көшесімен оңтүстікке карай Грановский көшесіндегі №96 үй аумағының оңтүстік шекарасымен батысқа карай солтүстік жағы Караөткел көшесіндегі №168 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Караөткел көшесіндегі №168 үй аумағының оңтүстік шекарасынан солтүстікке карай шығыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесі бойымен батысқа карай солтүстік жағы Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен солтүстікке карай шығыс жағы Грановский көшесіне дейін; Грановский көшесімен оңтүстікке карай

батыс жағы Грановский көшесіндегі №47 үй аумағының шекарасына дейін; Грановский көшесіндегі №47 үй аумағынан солтүстік шекара бойымен Тастак-2 ықшам ауданының №8Б,№9А,№14,№13 үйлер аумағының бойымен және Тілендиев көшесіндегі №35 үйдің шығысында оңтүстік жағы Нұргиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұргиса Тілендиев көшесінің бойымен оңтүстікке карай батыс жағы Дүйсенов көшесіне дейін.

№45 сайлау учаскесі

Шекаралары: Түркебаев көшесінен Артем көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Брусиловский көшесіне дейін; Брусиловский көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Прокофьев көшесіне дейін; Прокофьев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Нұргиса Тілендиев көшесіне дейін; Нұргиса Тілендиев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Кавказская көшесіне дейін; Кавказская көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта, Кавказская көшесінің жұп санды жағымен оңтүстік бағытта Брусиловский көшесіндегі №11 үйді қоспағанда, Брусиловский көшесіне дейін; Брусиловский көшесінің так санды жағы бойынша оңтүстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Түркебаев көшесіндегі №61 және №63 үйлерді қоспағанда, Артем көшесіне дейін.

№46 сайлау учаскесі

Шекаралары: Тұрғыт Озал көшесінен Артем көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Түркебаев көшесіне дейін; Түркебаев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Кавказская көшесіне дейін; Кавказская көшесінің жұп санды жағы бойынша шығыс бағытта Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Артем көшесіне дейін, Түркебаев көшесіндегі №59/87,№61 және №63 үйлерді қоса алғанда.

№50 сайлау учаскесі

Шекаралары: Ислам Каримов көшесінен Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен Аренский көшесіне дейін; Аренский көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Розыбакиев көшесіндегі №23 үйдің шекарасына дейін, одан әрі оңтүстікке карай №33/1 сауда павильонының батыс жағымен, содан кейін шығысқа карай Розыбакиев көшесіне дейін; Розыбакиев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесінің шығыс жағымен солтүстікке карай Райымбек даңғылына дейін.

№51 сайлау учаскесі

Шекаралары: Аренский көшесінен Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен шығыс бағытта Курильская көшесіне дейін; Курильская көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта, содан кейін шығысқа карай Курильская көшесінің солтүстік жағымен Өуезов көшесіне дейін; Өуезов көшесінің батыс жағымен оңтүстікке карай Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Курильская көшесіне дейін; Розыбакиев көшесінің шығыс жағымен көтерме сауда базарының сауда павильонының №33/1 үйінің оңтүстік шекарасын бойлай батысқа бұрыламыз; одан әрі солтүстікке карай сауда павильонының №33/1 үйінің шығыс жағымен оңтүстік бағытта №23 үйге дейін; содан кейін батысқа карай Аренский көшесіне дейін; Аренский көшесінің шығыс жағымен Райымбек даңғылына дейін.

№60 сайлау учаскесі

Шекаралары: Төле би көшесінен Розыбакиев көшесінің жұп санды жағымен оңтүстік бағытта Карасай батыр көшесіне дейін; Карасай батыр көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Ұзақбай Құлымбетов көшесіне дейін; Ұзақбай Құлымбетов көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Түркебаев түйік көшесіне дейін, Түркебаев түйік көшесінің жұп санды жағымен батыс бағытта Түркебаев көшесіне дейін, Түркебаев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Розыбакиев көшесіне дейін.

№67 сайлау учаскесі

Шекаралары: Сыпатаев көшесінен Төле би көшесінің оңтүстік жағымен Нұрлы жол көшесіне дейін; Нұрлы жол кө-

шесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Карасай батыр көшесіне дейін; Карасай батыр көшесінің оңтүстік жағымен батыс бағытта Өуезов көшесіне дейін; Өуезов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Жамбыл көшесіне дейін; Жамбыл көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Жароков көшесіне дейін; Жароков көшесінің шығыс жағымен солтүстікке карай Карасай батыр көшесіне дейін; Карасай батыр көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Сыпатаев көшесіне дейін; Сыпатаев көшесінің шығыс жағымен солтүстікке карай Төле би көшесіне дейін.

№103 сайлау учаскесі

Шекаралары: Мұратбаев көшесінен Гоголь көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Есентай өзенінің шығыс жағалауына дейін; Есентай өзенінің шығыс жағалауымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен солтүстік-шығыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Гоголь көшесіне дейін.

№106 сайлау учаскесі

Шекаралары: Наурызбай батыр көшесінен Гоголь көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне дейін; Ахмет Байтұрсынұлы көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Масанчи көшесіне дейін; Масанчи көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта, Масанчи көшесіндегі №3,№5 үйлерді, Кашгарская көшесіндегі №4, №6,№8 үйлерді және Мақатаев көшесіндегі №156 үйді қоспағанда Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының жұп санды жағымен шығыс бағытта Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Гоголь көшесіне дейін; «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағын қоспағанда.

№108 сайлау учаскесі

Шекаралары: Чайковский көшесінен Жібек жолы даңғылының так санды жағымен батыс бағытта Масанчи көшесіне дейін; Масанчи көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Масанчи көшесіндегі №3,№5 үйлерін, Кашгарская көшесінің №4,№6,№8 үйлерін және Мақатаев көшесіндегі №156 үйді қоса алғанда Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесі жұп санды жағымен шығыс бағытта Чайковский көшесіне дейін; Чайковский көшесінің так санды жағымен оңтүстік бағытта Жібек жолы даңғылына дейін.

№109 сайлау учаскесі

Шекаралары: Кашгарская көшесінен Мақатаев көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен шығыс бағытта «Қазметаш» зауыты аумағының батыс жағына дейін; «Қазметаш» зауыты аумағының батыс жағымен оңтүстік бағытта Мақатаев көшесіне дейін.

№114 сайлау учаскесі

Шекаралары: Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Гоголь көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының жұп санды жағымен шығыс бағытта Чайковский көшесіне дейін; Чайковский көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының так санды жағымен оңтүстік бағытта Әлімжанов көшесіне дейін; Әлімжанов көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Әлімжанов көшесіндегі №61 үйді және Мақатаев көшесіндегі №82 үйді қоса алғанда Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін; Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының так санды жағы бойынша оңтүстік бағытта Гоголь көшесіне дейін.

№120 сайлау учаскесі

Шекаралары: Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Әлімжанов көшесінің так санды жағымен батыс бағытта Әлімжанов көшесіндегі №61 және Мақатаев көшесіндегі №82 үйді қоспағанда Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының жұп санды жағымен солтүстік бағытта Мәметова көшесіне дейін; Мәметова көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін; Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының так санды жағымен оңтүстік бағытта Әлімжанов көшесіне дейін.

ФИЛАРМОНИЯ

«Дирижерлер шеруі»



Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

Ару қала Алматыда қыркүйек айының 25–26 жұлдызында Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында алғаш рет халықаралық «Дирижерлер шеруі» өтеді.

Фестиваль аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік үрмелі аспаптар оркестрі (ҚР МҰАӨ) өзінің 33-ші концерттік маусымын ашады. Көркемдік жетекшісі және бас дирижері – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қанат Ахметов.

Алыс-жақын шетелден келетін 10 дирижер қазақстандық көрермен алдында өз өнерлерін паш етпек. Эстониядан Маргус Касемаа, Латвиядан Сподрис Качан, Ресейден Виктор Худолей, Израильден Самуэль Хагин, Грециядан Николас Хрисчохоу, Словениядан Миро Сайе, Өзбекстаннан Тимур Мирзаев, Қазақстаннан Қанат Ахметов пен Александр Беляков қатысады. Фестиваль шарттарына сәйкес, олардың әрқайсысы өз

елінің үздік туындыларын ұсынады. Атап айтқанда, бағдарламаға сәйкес, Е.Таммның «Эстон рапсодиясы», Р.Куллдың «Тульяк», Р.Паулстың «Мелодия», В.Килярдың «Ресей даласы», «Пан Тадеуш» фильмінен «Полонез», Н.Шемердің «Алтын Иерусалим», Н.Скалкотастың «Грек билері», Е.Живаевтың аранжировкасындағы «Батыр Закировтың әндері», Ә.Бестібаевтың «Тойбастар», «Азия дауысы» шығармалары орындалады.

Фестивальдің маңыздылығы – тәжірибе алмасу, кәсіби отандық өнер жұлдыздарының қасиет-қарымын шыңдау. Алдағы уақытта «Дирижерлер шеруі» фестивалі дәстүрлі түрде өткізіледі деп жоспарлануда.

Кеш бағдарламасында ұсынылатын әр халықтың музыкалық өнеріндегі бірегей формат, шығармалардың алуан түрлілігі, өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас әуені өнерсүйер қауымға ғажайып көңіл күй сыйлайтыны сөзсіз. Кеш Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Үлкен залында, сағат 18.00-де басталады.

1990 жылы құрылған Мемлекеттік үрмелі аспаптар оркестрі қазақ композиторлары шығармаларын орындау шеберлігімен әлемнің түкпір-түкпірінен келген тыңдармандардың назарына ілкіті. Бүгінгі таңда оркестрде республикалық және халықаралық конкурстардың лауреат музыканттары мен дипломанттары жұмыс істейді. Оркестр репертуарында 200-ден астам концерттік бағдарламалары бар. Ресей, Германия, АҚШ, Франция, Англия, Қытай елдерінің атакты дирижерлері мен музыканттары әрдайым ұжымның жоғары кәсібилігін, мінсіз интонациясы мен аспаптарды асқан шеберлікпен меңгеруін, оркестр мүшелерінің тамаша үйлесімділігін, бай дыбысталу тембрін, бай репертуарын айрықша атап өтеді. Бас дирижер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Қанат Ахметов. Дирижер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Александр Беляков. Қазақстан композиторларының шығармалары топтастырылған республика тарихындағы тұңғыш компакт-диск оркестрдің орындауында жазылды.

КИНОКЕҢІСТІК

Өзбекстан астана-сы Ташкентте XIV «Жібек жолының інжу-маржаны» халықаралық кинофестивалі өз жұмысын аяқтады. 13–18 қыркүйек аралығында өткен ауқымды кинофорумға әлемнің ондаған астам кинематографист қатысты.



«ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ІНЖУ-МАРЖАНЫ»



Нұржамал ӘЛШЕВА

Фестиваль аясында ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің кино күндері, соның ішінде Қазақстан киносының күндері де өтті. Көрермендерге Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының демеуімен түсірілген «Паралимпиадашы» және «От» фильмдері көрсетілді. Картиналарды режиссер Алдияр Байрақимов, актер Асқар Илиясов («Паралимпиадашы») және актриса Мәншүк Айтмұхамбетова («От») таныстырды. Олар Ташкентке Қазақстан атынан жіберілген ірі делегациямен бірге барған болатын.

«Көрермендерге біздің фильмдер өте ұнады. Өзбек көрермендері, әсіресе аймақтарда, біздің киноны көбірек көрсету туралы өтініштерін білдірді. Қазір бұл бағытта жұмыс істеп жатырмыз,

біздің фильмдеріміз Өзбекстанда кең прокатқа шығуы үшін және тиісінше өзбек фильмдері бізде шығуы үшін келіссөздер жүргізілуде», – дейді ҰКҚМО бас продюсері А.Әбелдинов.

Кинофестиваль аясында шеберлік сабақтары мен шығармашылық кездесулер өтті. Мәселен, Әсел Ырыс «Кинематография саласындағы халықаралық бағыт» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді. Сарапшы фильм шығарудың идеядан бастап пост-продакшнге дейінгі бүкіл процесін баяндап, командадағы өнімді жұмыс, режиссер мен продюсер арасындағы келіспеушіліктерді шешу бойынша практикалық ұсыныстар берді. Ал Адай Әбелдинов өткізген «Анимациядағы режиссура негіздері» деп аталатын шеберлік сабағы, ең алдымен, анимациялық фильмдегі жұмыс принциптері мен заңдылықтарын егжей-тегжейлі қарастырумен есте қалды.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503
(жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге
3 айға – 1801,50 теңге

15503
(кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге
3 айға – 4861,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге
3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жаңа учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының (одан әрі – сайлау туралы Конституциялық заңы) 10-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты жаңа учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы хабарлайды.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына байланысты Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиялары айқындады.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Мәслихат белгілеген, сайлау комиссияларын құру мерзіміне дейін он бес күннен кем болмауға тиіс мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері құрылатын сайлау комиссияларына қатысты **2022 жылғы 21 қыркүйектен 5 қазанға дейін мәслихатқа мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматта сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер;
- 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімінен үзінді көшірме;
- 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері;

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері Алматы қаласы мәслихатының сайтында (maslihat-almaty.kz) орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан **Алматы қаласының** әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағында тұруға тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Алматы қаласының мәслихатына қағаз форматта немесе электрондық сканерленген нұсқада ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша құжаттарды қабылдау **2022 жылғы 5 қазан сағат 18.00-ге дейін жүзеге асырылады.**

Құжаттар дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215, 311-кабинет, тел.: 8 (727) 380-04-03, сондай-ақ құжаттардың сканерленген нұсқасын электрондық мекенжайға жіберуге болады orgotdel@maslihat-almaty.kz.

Алматы қаласы мәслихатының орналасқан жері: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215 үй.

Комиссиялардың құрамын қалыптастыру үшін жаңадан құрылған Алматы қаласының учаскелік сайлау комиссиялары:

Р/с №	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
Алатау ауданының учаскелік сайлау комиссиялары – 15			
1.	№587	«ОШ №180» ҚМУ, «Саялы» ықшамауданы, Аққайнар к-сі, 7 үй	7
2.	№588	«ОШ №182» ҚМУ, «Зерделі» ықшамауданы, 1/65 үй	7
3.	№589	«ОШ №39» ҚМУ, «Боралдай» ықшамауданы, Саттаров к-сі, 56 үй 7	
4.	№590	«ОШ №182» ҚМУ, «Зерделі» ықшамауданы, 1/65 үй	7
5.	№611	«№179 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Қарасу» ықшамауданы, Шаяхметов к-сі, 17/8	7

6.	№612	«№152 мектеп-гимназия» КММ, «Ұл-жан-1» ықшамауданы, Жалайыр к-сі, 48	7
7.	№613	«№205 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Томирис» ықшамауданы, Центральная к-сі, 120	7
8.	№614	«№169 мектеп-лицей» КММ, «Шаңырақ-1» ықшамауданы, Өтемісұлы к-сі, 109	7
9.	№615	«№204 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Саялы» ықшамауданы, Аққайнар к-сі, 3	7
10.	№616	«№204 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Саялы» ықшамауданы, Аққайнар к-сі, 3	7
11.	№617	«Алатау Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ, «Нұркент» ықшамауданы, 5/18	7
12.	№618	«№201 мектеп-гимназия» КММ, «Нұр-кент» ықшамауданы, 12	7
13.	№619	«№184 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Теректі» ықшамауданы, Ақтілек к-сі, 10	7
14.	№620	«№185 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Алғабас» ықшамауданы, Алдияр к-сі, 16	7
15.	№621	«196 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «Мәдениет» ықшамауданы, Сүлейменов к-сі, 15	7

Медеу ауданының учаскелік сайлау комиссиялары – 5

1.	№591	«Школа-гимназия №172» ҚМУ, «Думан» ықшамауданы, Қарқаралы к-сі, 15 үй	7
2.	№597	«Алматы аймақтық көпсалалы клиникасы» ШЖҚ МҚК, «Көктөбе» ықшамауданы, Роза Бағланова к-сі, 69 А үй	5
3.	№598	«Халық арена» Мұз сарайының көпфункционалды кешені, Құлжа т-т, 2	7
4.	№622	Назарбаев Зияткерлік мектебі, «Горный Гигант» ықшамауданы, Жамақаев к-сі, 145	7
5.	№623	«Mediterra» медициналық орталығы, «Горный Гигант» ықшамауданы, Жамақаев к-сі, 254/1	5

Наурызбай ауданының учаскелік сайлау комиссиясы – 1

1.	№592	«Школа-гимназия №200» ҚМУ, «Шұғыла» ықшамауданы, 345/3 үй	9
----	------	---	---

Түрксіб ауданының учаскелік сайлау комиссиясы – 2

1.	№594	«Изатима Жекенова атындағы Қалалық клиникалық жұкпалы аурулар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы, Дегдар к-сі, 10/2 үй	5
2.	№595	«ОШ №198» ҚМУ, «Жас қанат» ықшамауданы, 129 үй	9

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

2022 жылғы 5 қазанда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Жароков көшесі, 18 мекенжайдағы «М.Әуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Алматы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындарды толғандырған өзекті мәселелер бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – [akimat_almaly](https://www.instagram.com/akimat_almaly), Facebook – [akimatalmaly](https://www.facebook.com/akimatalmaly), Twitter – [akimat_almaly](https://twitter.com/akimat_almaly), Алматы ауданы әкімі аппаратының **WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.**

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері және мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесі Алатау аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құдайберген Назарұлы КАБДОЛДИННІҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
7 (707) 932-39-18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



МАУСЫМАШАР

«Жайдарманның» қызықты ойындары

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Студенттер сарайында» көңілді тапқырлар клубының жартылай финалына іріктеу туры өтті. 1/4 финалға Республикамыздың әр өңірінен 8 команда қатысты.

Студенттерден құралған топ көрермендердің көңілінен шықты. Сыннан сүрінбеген мықты командалар қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

«Қазір Алматыда қалалық ойындарды ұйымдастырып жатырмыз. Біраз жыл болды Республикалық деңгейде өткізіп келеміз. Маусымашарға 40-тан астам команда бізге



ойнауға өз еріктерімен өтінішін білдіріп, тіркелген. Бірақ соның ішнен маусымға



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСЫЕВ.

белсенді, беделді 16 команданы іріктеп алдық. Қазіргі таңда бізде суперлигадан басқа, студент лайф деген лигамыз бар. Жайдарманды жаңадан бастағандарға тәжірибе жинауға мүмкіндік беру үшін ұйымдастырылып жатыр», – дейді «Қазақстан КВН Одағы» РЖКБ Алматы КВН филиалының директоры Ондасын Құлымбетов.

Ұйымдастырушылардың бұндай шараларды өткізудегі басты мақсаты – қазақша жайдарман ойындарын дамыту. Сондай-ақ, ол мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, жастардың өмірге деген позитивті көзқарасын ұлғайту үшін ұйымдастырылып жатқанын атап өтті.

«Жайдарманда» жүргенімізге 8 жыл болды. Жогарғы лигада бірінші рет ойнап отырмыз. Аз уақыттың ішінде жобаға дайындалдық. Жарыста өнер көрсету қатты қиынға соға қоймады, алайда сахнада өнер көрсету кезінде аздап толқығанымыз бар. Командамызда сайдың тасындай іріктелген 7-і өнерлі жігіт бар. Финалда қаламыздың атын танытамыз деген сенімдемін», – дейді «Краш» командасының капитаны Махамбет Мырза.

Алматы мәдениет пен өнердің ордасы.

Қаламызға еліміздің әр өңірінен келген қонақтар да өз өнерлерін ортаға салып, жоғары бағаға ие болды. Шығармашыл жастардың басын қосқан дүбірлі дода келесі жылы да ұйымдастырылады деп күтілуде.

«Бізге Алматыда суперлига ойындары болады, қатысыңыздар деген шақырту түскен болатын. Осы ретті пайдаланып ару қаланы бір көріп қайтуға бел байладық. Біз Павлодар педагогикалық университетінің намысын қорғап келіп отырмыз. Команда мүшелері 2-3-курс студенттері. Жарты ай дайындалдық. Бүгінгі ойында реп, «Ұлдарға наз, мұғалім болам десеңіз» сынды дүниелерді ойнадық. Көрермен көңілінен шыққандай болды. Бүгінгі ойында тек қыздардан құралған команда екеніміз де бізге көрік бере түскендей», – дейді «Made in Чехов» командасының капитаны Айзада Серікбай.

Әділқазылардың шешімімен іріктелген командалар қазан айында өтетін жартылай финалда өнер көрсетеді. Жеребе бойынша «Эверест» – «Ерекше», «Краш» – «Энерго», «Made in Чехов» – «АУЭС», «Голд» – «КазАТК», «Алатау SU» – «Абай даңғылы» – барлығы 9 команда бір-біріне қарсы ойнайды.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ҚОҢЫРАЙЫП КЕЛДІ ҚОҢЫР КҮЗ...

«Сүмбіле туса сүмпиып, ат семіреп құнтыып...». Жылқы малының шыбын-шіркейсіз, судағы сүліктен қауіпсіз жайылатын кезі

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазір бір аптаға созылатын «Мизам шуақ» амалы жүріп жатыр. Өткен жолы пайымымызда Үркердің көкке көтерілгенін жазғанбыз. Бұл күйек мезгілі келгенінің белгісі еді. Осы мезгілде қозыны енесінен айыру, күзем жасау, өзен суына тоғыту сияқты шаралар жүзеге асырылады.

Сүмбіле жұлдызы туған шақтан бастап өзен-көлдердің суы салқындай бастайды. Сүмбіленің аспанда көрінуі елімізде қыстың алғашқы лебімен (қыркүйектің соңғы онкүндігіне) тұспа-тұс келеді. Демек, осы кезде суық күндер бой көрсетіп, жаңбыр жауып, қоңыр күз келеді. Сүмбіле өте жайсыз әрі тұрақсыз амал. Ауа райында өзгеріс көп болады.

«Сүмбіле туса су суыр, Таразы туса таң суыр», «Сүмбіле туса сүмпиып, ат тойынар құнтыып» деген мақал-мәтелдер амалға нақты берілген мінездеме. Сүмбіле туған соң суда сүлік өле бастайды. Бұл сүмбіле тууымен күн салқындап, жылқы малының шыбын-шіркейсіз, әсіресе, судағы сүліктен қауіпсіз жайыла бастайтынын аңғартады.

«Сүмбіле жұлдызы туғанда жарқырап, Құлынның үлесін биеден тартып ап,



Ел қымыз ішкені,
Қаздардың қайтқаны,
Сол қайтқан қаздардан қыс сәлем айтқаны.

Жабырқап қалғаны аққудың құт көлі –
Жап-жасыл жайлаудың қызығы біткені».

Атақты ақын Олжас Сүлейменов сүмбілені осылайша жырлайды. Жаздың жарқын күндері мен қызықты түндерінің шырқын сүмбіле бұзатынын осы жырда да көруге болады (ақын Қадыр Мырза-Әлінің аудармасы).

Жылды қазекен жылы, ыстық, суық деп үш кезеңге бөлген. Оны табиғат зерттеушілерінің тілінде – үш бунақ деп атайды. Бас бунақ – шамамен ақпанның 9-ынан маусымның 9-ына дейін (қара қатқақ, ащы өзек), орта бунақ – маусымның 9-ы мен қазанның 9-ы аралығы (тұяқ терлеп, қой күрлеп), аяқ бунақ қазанның 9-ы мен ақпанның 9-ы аралығы (тоқты тоймас, шөміш кеппес). Қазір орта бунақ – тұяқ терлеп, қой күрлеп кезеңі аяқталуға жақын. Осы уақытта шөп азайып, бары сарғайып, сабағы қатайып қойдың жеуіне қиындық туғызады. Қойлардың құ-

нарлы шөпті қуалап жүріп жеймін деп аяғы талып, тұяғы терлейді. Ал күрлеп (күрлеу) сөзі қойдың қоң жинағанын, шелденгенін, семіргенін білдіреді. «Тұяқ терлеп, қой күрлеп» тіркесі осыдан барып айтылса керек.

Күн мен түн теңелетін уақыт. Болжаушылардың айтуынша, бұл құбылыс көктемде және күзде болады. Әлемдік уақыт бойынша, солтүстік жарты шарда көктемгі күн мен түннің теңелуі 20 наурыз күніне сәйкес келеді. Бұл уақытта Күн оңтүстік жарты шардан солтүстік жарты шарға ауысады. Ал күзгі күн мен түннің теңелуі Күн солтүстік жарты шардан оңтүстік жарты шарға ауған кезде орын алады. Ол қыркүйек айының 22 немесе 23-інші жұлдызына сәйкес келеді.

Алдағы аптада (22–29 қыркүйек аралығында) ауа райы құбылмалы болады. Еліміздің бір аймағында салқын болса, екінші аймағында күн ысыды, ал Алматыда тұрақсыздық орын алады: бірде ашық, бірде жауын, оқта-текте жел тұрады...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КҮН МЕН АЙҒА ҚАРАП
ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ

- Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.
- Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.
- Ай бұлыңғыр болса жаңбыр жауатындығын, ашық болса шуақты болатындығын білдіреді.